

## ЖАТАҚХАНА «ЖЫРЫ» ЖАЛҒАСА МА?

Бір айдан соң жаңа оқу жылы басталады. Студенттің алаңсыз білім алуы үшін жайлы жатақханамен қамтудың маңызы зор. Жыл сайын жатақхана жетіспеушілігі, жайлы да арзан пәтер табу мәселесі студенттердің бас ауруына айналып кеткен. Әсіресе, Алматы, Астана секілді үлкен қалаларда бұл мәселе тіпті күрделі десек болады. Жалпы, елімізде 1 миллионнан астам студент білім алады. Былтыр жаңа оқу жылында жатақханаға мұқтаж студенттердің саны 89 мыңнан асса, биыл жатақхана тапшылығы 70 мыңға жуық орынды құрап отыр. Яғни, осыншама студент пәтер жағалайды деген сөз. Осы ретте жатақхананың биылғы «жырын» анықтауға тырыстық.

5 >>



## ТАУАРДЫ ТАҢБАЛАУ – БИЗНЕСКЕ СОҚҚЫ



Кәсіпкерлер Мәскеудің Еуразиялық одақ аясында белсенді тықпалап жатқан тауарларды таңбалаудың қазақстандық бизнеске соққы болғанына назар аудартып, дабыл қағумен келеді. Олардың айтуынша, бұл бір жағынан, жемқорларға арналған кезекті жемсауға айналды. Екінші жағынан, ол таңбалауға іліккен тауарлардың күрт қымбаттауына соқтырды. Мысалы, аяқкиім бағасы бірден 9,7%-ға көтерілген. Бизнес зар илеп, безек қағуда. Ал билік болса, міндетті түрде таңбаланатын тауарлардың жаңа тізімін енгізді.

Одақ аясында тауарларды маркировкалау жаңа қарқынмен жалғасатын болды. Ресей енді ұйымға мүше 5 елде таңба басылмаған киім-кешекті, өзге өнімдерді сатуға тыйым салғызбақ. Бұл халықтың ең көп тұтынатын тауарларын бұқараға қолжетімсіз етеді. Онда одақтық қысымға қарсылық білдіріп жатқан ұлттық бизнеске халық қосылуы мүмкін.

Бірақ Үкімет тындайтын емес. Сауда және интеграция министрлігі «Таңбалауға жататын тауарлардың тізбесін айқындау туралы» Үкіметтің 2020 жылғы 10 қыркүйектегі №568 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Үкіметтің жаңа қаулысының жобасын әзірледі. Құжат таңбаланатын тауарлардың тізімін жанартады.

Бұл жаңасы – 1 287 тауар түрінен тұратын өте ұзын тізім болмақ. Онда не жоқ дерсіз? Дәрі-дәрмектер, адамның қаны, емдік, профилактикалық немесе диагностикалық мақсаттарда пайдалану үшін дайындалған жануарлардың қаны, вакциналар, токсиндер, микроорганизмдердің дақылдары, сабындар, рентгенографиялық тексерулерге арналған контрасты препараттар, диагностикалық реагенттер, органотерапияға арналған заттар, гепарин және оның тұздары, темекінің қарапайымы, алмастырғышы, сығындылар мен эссенциялары бар саналуан түрі және басқалары биылдан бастап таңбалауға жатады деп күтілуде.

(Жалғасы 4-бетте)

Самат НҰРТАЗА, Мәжіліс депутаты:

## ШЕКАРАДА БІРДЕ-БІР ДРОН КӨРГЕН ЖОҚПЫН



Шекара күзетінің жақсы болуы – заман талабы. Өйткені Қазақстан орналасқан аймақтағы геосаяси ахуал күрделі. Демек, шекара күзетіне көбірек көңіл бөлгеннің артықтығы жоқ. Алайда шекарашылардың жағдайын көзбен көріп, көңілге түйгенде ғана қордаланған мәселелерге баға беруге болады. Жуырда Парламент Мәжілісінің бірнеше депутаты 15 күн бойы шекарашылармен бірге ел шекарасын күзеткен еді. Бұл сапар жайлы олар әлеуметтік желілерде жазды. Сарбаздардың қасында өткен жарты ай уақытта депутаттар шекара қызметінің жай-күйін, шекарашылардың жағдайын біршама зерделеп, біраз дүниені көкейге түйіп қайтқан болар деп үміттенеміз.

7 >>

## ҒЫЛЫММЕН «ДОСТАҚАН» ДИҚАН ДАМИДЫ



11  
БЕТ

## ДУБАЙДАҒЫ ШАБАНДОЗ ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ



16  
БЕТ

## АРЫСТАН БАҚҚАН МҰҒАЛІМ

Дала заңдарына бейімделген жыртқыш аңды қолға үйрету, оның тілін тауып өз дегеніне көндіре білу көп адамның қолынан келмейді. Сондықтан да дрессура цирктегі ең күрделі жанрлардың бірі саналады. Ешбір цирк колледжі дрессураны арнайы мамандық ретінде оқытпайды. Себебі әрбір өртіс өз жануарын тауып, тіл табыса білуі үшін жылдар қажет. Ендеше дрессура – оқуды қажет етпейтін, үлкен жүрек пен аса мейірімділікті талап ететін өнер.

8 >>



## ҚАМЫС ӨРТІ ҚАШАН ТОҚТАЙДЫ?

Атырауда жылына бірнеше рет қайталанатын проблема бар. Ол – қамыс өрті. Толық өшіруге бір емес, бірнеше күн кететін тілсіз жау әсіресе жаз мезгілінде тұрғындарға қиындық туғызады. Қаланы басқан түтін мен күлімсі иіске қапырық ауа қосылғанда, далада жүру тұрмақ, тыныс алудың өзі мұңға айналады.



### ЖЫЛДАҒЫ АПАТКА КІМ КІНӘЛІ?

Әріге бармай, шілденің басындағы жағдайды мысалға алайық. 6 шілде күні басталған өрт салдарынан алғашқы үш күннің ішінде Каспий жағалауындағы 450 гектардан астам аумақтағы өскін күлге айналды. 50 гектар жер ашық от құрсауында қалды. Тілсіз жаумен күреске 70-ке жуық маман, 20 шақты техника жұмылдырылды. Бірақ бұл да отты ауыздықтауға жеткіліксіз болды. Қызылор-

далан тікұшақ көмекке келді. Өрттің шығу себебі белгісіз қалды.

Бір аптаға созылған өрт салдарынан «Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерватына қарасты жалпы ауданы 910 гектар жер жанып кетті. Өрт сөндірушілер 7 күн бойы отпен арпалысты. Күннің аптап ыстығы мен қызыл жалын жайлаған аумақтың сулы, батпақты жерде болуына байланысты, қамыс өрті ауыздықтауға қиындық тудырды.

14 >>





## КӨМЕК КӨРСЕТУ ПУНКТТЕРІ АШЫЛДЫ

Еліміздің ірі сауда орталықтарында мұқтаж отбасылардың балаларына мектепке дайындық бойынша көмек көрсету пункттері ашылды. Одан бөлек, ата-аналардың сауалдарына жауап беретін жедел желі іске қосылды.

«Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы 2008 жылдан бастап тұрақты ұйымдастырылып келеді. Аталған көмек аз қамтылған, көпбалалы отбасылардың балалары, асыраушысынан айырылған және ерекше балаларға бағытталған. Одан бөлек, аталған санаттағы балалар жалпыға бірдей білім беру қорынан да қаржылай көмек алып келеді», — делі Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан.

Оның айтуынша, аталған қайырымдылық шара дәстүрге айналды.

«Бытыр демеушілер мен меценаттар 3 млрд

781 млн тенгеге 204 мыңнан астам оқушыға көмек көрсетті. Биыл қайырымдылық акциясы 1-30 қыркүйек аралығында «Жақсылық жаса» ұранымен өтеді. Азаматтардың өтінішіне назар аудару мақсатында жедел желі іске қосылды. Одан бөлек, ірі сауда орталықтарында мұқтаж оқушыларға гуманитарлық көмек көрсету пункттері ашылды. Балалардың құқығын қорғау комитетінің 74-25-28 жедел байланыс телефонына хабарласуға болады. Сондай-ақ BALA QOR AYTTelegram чаты жұмыс істейді», — дейді ол.

## ОРМАНДА ЖАСЫРЫЛҒАН ОҚ-ДӘРІ ТАБЫЛДЫ



Қарағандылық полицейлер қала шетіндегі орман алқабынан жасырылған қару-жарақ пен оқ-дәрілер тапты.

Жедел-іздістіру шарасын облыстық Полиция департаменті Криминалдық полиция басқармасының қызметкерлері ІІМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің жедел басқарма қызметкерлерімен бірлесіп жүргізген.

Оқиға орнынан жедел-тергеу тобы қызметкерлері «Байкал» маркалы тегіс ұңғылы мылтық, «Соваж»

маркалы қос ұңғылы карабин, 12 калибрлі қос ұңғылы шотка мылтық, ИЖ-21 тегіс ұңғылы мылтық, Макаров тапаншасы, әртүрлі калибрлі 188 бірлік оқ-дәрілер және ішінде 1 440 патроны бар мөрленген мырыш қорап тәркіледі.

Аталған дерек бойынша, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 287-бабы 3-бөлігіне сәйкес қылмыстық іс қозғалды. Аталған баптың санкциясына сәйкес бес жылға дейін бас бостандығын шектеу не болмаса сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

## ТҮРМЕДЕ ЖАТЫП ТЕЛЕФОНМЕН АЛДАҒАН

Батыс Қазақстан облысының киберполициялары алаяқтық жасағаны үшін түрмеде отырған жазасын өтеушінің тағы бір қылмысын ашкереледі.

Оқиғаның мән-жайы былай болған: 29 маусым күні белгісіз адам 54 жастағы А. есімді азаматтың WhatsApp желісіне хабарласып, оның қызы басқа нөмірден хат жазып жатқанын және қызының қарыздары барын хабарлаған. Осылайша, ол

жәбірленушінің банк картасының деректерін алып, 477 мың теңгені иемденеді.

«БКО киберполициялары облыстық ҚАЖД қызметкерлерімен бірлесіп, қазіргі уақытта алаяқтық жасағаны үшін бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан 26 жастағы М. есімді күдіктіні ашкерелді. Одан телефон мен екі SIM-карта табылды. Ол қылмыстық әрекетін мойындады. ҚР ҚК-нің 190-бабы бойынша сотқа дейінгі тергеу жүргізіліп жатыр» делінген хабарламада.

## ҚЫЗ АЛЫП ҚАШҚАНҒА ЖАЗА КҮШЕЙЕДІ



Елімізде қыз алып қашуға қатысты жауапкершілікті күшейту жоспарланып отыр. Бұл туралы Қазақстандағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің баспасөз қызметі хабарлады.

«Елімізде, әсіресе оңтүстік өңірлерде үйлену мақсатында қыздарды алып қашу әлі де жиі кездеседі. Кейбір жағдайларда мұндай әрекеттер жыныстық қолсұғылмаушылықты бұзу, қорлау, заңсыз бас бостандығынан айыру, тіпті өзіне қол жұмсауға әкеп соғады» делінген хабарламада.

2019 жылдан қазірге дейін елімізде адам ұрлаумен байланысты қылмыстық құқықбұзушылықтар санатындағы 214 іс тіркелген. Сонымен қатар Қылмыстық кодексте мұндай құқықбұзу-

шылықтың жеке элементі болмағандықтан, некеге тұру мақсатында қыздарды ұрлау дерегі бойынша нақты статистика жоқ.

«Қазір Омбудсмен кеңсесі қылмыстық заңнамаға бірқатар түзету енгізу, атап айтқанда, жекелеген бапты енгізу және жәбірленуші өз еркімен босатылған жағдайда қылмыстық жауаптылықтан босатуды көздейтін Қылмыстық кодекстің 125-бабына ескертпені алып тастау мүмкіндігін қарастырып жатыр», — делі ведомствоның баспасөз қызметі өкілдері.

Сонымен қатар Қазақстандағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге Қылмыстық кодекске «Неке кию мақсатында адамды ұрлау» жеке 125-1 бапты енгізу туралы ұсыныс жолданды, оның әйелдерге қатысты қылмыс деңгейін төмендететін алдын алу әсері болады деп күтіледі.



## ЖАМБЫЛДА ЖАРЫЛЫС БОЛДЫ

Жамбыл облысындағы Жаңа Жамбыл фосфор зауытында (НДФЗ) жарылыс болып, салдарынан екі жұмысшы зардап шекті.

Оқиға 3 тамыз күні сағат 11:30-да болған. Жамбыл облыстық денсаулық сақтау басқармасы баспасөз қызметінің берген мәліметінше, «НДФЗ» ЖШС фосфор зауыты қоймасының аумағында контейнерлік цистернадан сары фосфор алынған.


Зауыт әкімшілігінің хабарлауынша, жарылыстың алдын ала себебі — қауіпсіздік ережелерін сақтамау.

«№7 цехтың жүк ілуші Данияр Орманов және №31 цехтың шикізатты дайындау жөніндегі жетекші инженері Шахадияр Қалдыбай әртүрлі дәрежеде

химиялық күйік алды. Зардап шеккендер №1 қалалық ауруханаға жеткізілді. Жұмыстар тоқтатылды, оқиға орны қоршалды. Қазіргі уақытта мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен комиссия құрылып, тергеу жүргізіліп жатыр. Алдын ала себеп — қауіпсіздік ережелерін сақтамау. Зардап шеккендермен зауыт өкілдері тұрақты байланыста болады» делінген Қазфосфат таратқан хабарламада.

Қазір жансақтау бөлімінде жатқан Данияр Ормановтың денесінің 22 пайызын күйік шалған, жағдайы тұрақты. Шахадияр Қалдыбай жалпы палатада жатыр, оның денесінің 15 пайызы күйіген, жағдайы қанағаттанарлық.

Зардап шеккен қызметкерлерге қажетті көмек көрсетіліп жатқаны хабарланды.

















ЖЕР БЕТІНДЕ ТІРШІЛІК  
ЖАРАТЫЛҒАННАН БЕРІ ДАМЫҒАН  
ҚАЙ ҚОҒАМДА, ҚАНДАЙ ҰЛТТА БОЛМАСЫН,  
ӘЙЕЛ ЗАТЫ АДЕМІЛІКKE ҰМТЫЛҒАН. ТІПТІ ӨРКЕНИ-  
ЕТ АТАУЛЫДАН БЫРҚАТАР АРТТА ҚАЛҒАН КЕЙБІР ТАЙПА-  
ЛАРДЫҢ ӨЗІНДЕ ӘСЕМДІК ҰҒЫМЫ ӨЗІНШЕ ҚАЛЫПТАСҚАН.

# Сұлулық ОСЫНДАЙ



## БОЛАДЫ ЕКЕН...

жуық уақыт мойнына темір тағады екен. Қазірде 25 сақинадан тұратын ұзындығы 30 сантиметр Мананг соңғы темірін 16 жасында киген. Мұндағы балақайлар 5-6 жасынан бастап мойнына жезді алқа таға бастайды. Әр 3 жыл сайын жаңадан сақиналар қосылып тұрады. Дененің ауырсынуы мен жайсыздық — бұл тайпа үшін өмірдің бір бөлшегі. Қаян тайпаларының арулары «ұзын мойндылар» деп аталғанымен, мұндай сақиналар мойын омыртқаны узартпайды. Әрқайсысының салмағы 2 келі болатын сақиналар тек ыстық төменге жылжытады. Соның есебінен мойын ұзын көрінеді. Бірнеше жыл мой-

ұзын болса, ол соншалық әдемі деп бабылданады» дейді.

Қаяндықтар сән үшін балаларының мойнына жас кезінен ауыр сақина тағып жатса, кейбір африкалық тайпаларда 5-6 жасар баланың бетін тілгілеп, түрлі тыртықтар мен татуировкалар жасайды. Ал Индонезияның Суматрасында жастардың тісін қасқырдікіне ұқсатып егейді екен.

тіру таңғаларлық нәрсе емес. Тіпті қазақта он үшке дейін қыз баланың құлағын тесуді ата-ана өзіне парыз санаған. Бірақ кей мәдениеттерде құлақтың сырғалығын мейлінше кенейту сұлулықтың символы саналады. Мәселен, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде сырғалығы кең немесе ауыр әшекей тағатын әйелдер көп кездеседі. Зерттеушілер мұндай құбылысты Буддаға еліктеумен түсіндіреді. Масан

кенейтеді. Бұл тайпадағы қыздардың сырғалығы каншалықты кең болса, ол өз ортасында соншалық әдемі әрі сыйлы.

Мұндай құбылыс даяқ тайпасында да кездеседі. Олар балаларына тіпті темір сырғаларды ертерек таға бастайды. Жасы ұлғайған сайын сырғалардың қатарын көбейте береді. Тайпа көсемдерінің әйелі мен жасы үлкен әйелдердің құлағында сырғаның саны көп болады. Сәйкесінше, бұл кісілерге құрмет те басымдық.

### ЕРНІ ҮЛКЕННІҢ ҚАЛЫҢМАЛЫ ҚЫМБАТ

Ал эфиопиялық мурси тайпасында астыңғы ерін кенейту — әдеміліктегі белгісі. Мурсиліктер 15-16 жасында астыңғы ерінні пышақпен тіліп, онда таяқша қояды. Тілiнген жараның орны жазылғандан кейiн орнына табақша тәрізді ағаш салады. Уақыт өте табақшаның көлемін ұлғайта береді. Әлгi дөнгелек ағаш тіске кедергi келтірмес үшін, тіпті, астыңғы 4-6 тісін жұлып тастайды екен. Тамақтану мен ұйықтар кезінде табақшаларды шешіп қоюға болады. Мурсиліктерде еріндегі ағаштың көлемі каншалық үлкен болса, сол қыз ең әдемі, әлеуметтік мәртебесі жоғары саналады. Сәйкесiнше, ол қызға төленетiн қалыңмал құны да қымбатқа түседі екен. Мурси тайпасындағы мұндай құбылыстың пайда болуының екі себебі бар көрінеді. Біріншісі, бұл тайпа жер бетіндегі барлық қауіпті жың-перілер адамның ағзасына ауыз арқылы кіретін бөлендіктен, мұндай ағаш табақшалар содан қорғайды деп санаған. Екінші себебі, мурсиліктер дөңгелек құлдыққа әкетіп қалмау үшін астыңғы еріндерін әдейі жаракаттайтын болған.

Айта берсек, әр елде әсемдік ұғымы әр алуан. Заман ағымы ауысқан сайын сұлулықтың символы да өзгере береді. Бірде бойы ұзын, бірде бойы қысқа, енді бірде толық яки арық қыздар сұлу саналуы мүмкін. Десек те өркениетке жақын елдердің басым бөлігінде дене бітімiн аяусыз өзгерту еш уақытта сұлулықтың белгісі болған емес. Ал әлемдегі бірақтар тайпада бәрі керісінше. Табиғат берген кейбірінді мейлінше өзгерту көріктілік деп саналады. Қаян тайпасының қыздары сияқты өмір бойына ауыр алқаны мойнына тағып жүру, я болмаса, құлағының сырғалығын иығына дейін кенейту және тағы басқа дене бітімінің аяусыз өзгерісі расында әдемілік үшін құрбандыққа бару ма, әлде тайпалық дәстүрге тәуелділік пе?

Асыл ТҰМАР



нына сақина тағып жүрген әйелдер темірді шешетін болса, мойны сынып кетуі өлген мүмкін. Мойын мейлінше ұзын болуы үшін мұндай жезді алқаны ерте бастан тағу керек. Бірақ тайпадағы жас қыздар тағу яки тақтау мәселесін өздері таңдай алады. Сырт көзге мойынға тағылған темірлер құлдықтың көрінісі сияқты. Қаян тайпасындағы бұл дәстүрдің мағынасы мен мәні, тарихы әлі күнге дейін белгісіз. Бес ай бойы қаян тайпасының ортасында өмір сүрген зерттеуші антрополог Лора Макмилан «бұл тайпадағы мойынға сақина тағу дәстүрі ертеде жаратушыға деген құлшылық деп түсіндірілген. Бірақ бүгінде әйелдің мойны каншалықты

Келесі бір мәлімет көздерінде, Сяо Баоцюань императордың сүйіктісінің аяғы табиғатынан титтей болған делінеді. Сол сұлу ханға жалаңаяқ билеп береді екен. Әрі бйіне, әрі титтей аяғына тамсанған хан «аяғы тиген жерден лотос гүлдейді» деген екен. Сол сәттен бастап, кішкентай аяқ «алтын лотос» деп аталып, әқсүйек әулеттен шыққан барлық қыздар хан ұрпағына тұрмысқа шығу үшін аяғын аяусыз кішірейткен.

### СЫРҒАЛЫҒЫ КЕҢ БОЛСА СЫЙЛЫСЫҢ

Сырға — кез келген елдің сән әлеміндегі маңызды әшекейлердің бірі. Сол себепті де бұ заманда құлақ тес-

тайпасында қыз баланың құлағын 7 жасында тесіп, кенейту үшін ағаштың бір бөлігін салып қояды. Қыздар балнағат жасына толғаннан кейін түрлі ауыр сырғалар тағып, сырғалығын иығына дейін

## ТҮС – ТЫЛСЫМ ҚҰБЫЛЫС

Түс — адамзат баласына құпиясы толық ашылмаған тылсым дүние. Ежелден бері түс біздің тұрмыс салтымызға енген. Түске қатысты түс садақасы, түсті көшіріп алу секілді ұғымдар қалыптасқан. Әлі күнге дейін түс ғалымдардың зерттеу тақырыптарына арқау болуда.



### ҒЫЛЫМИ ЖАНАЛЫҒЫН ТҮСІНДЕ КӨРГЕН

Ғалымдар түстің бірнеше түрін ажыратады. Біріншісі — физиологиялық түстер, бұл ұйықтап жатқан адамның сыртқы жағдайларымен тікелей байланысты. Мәселен, жаурау, шөлдеу, аштық сезімі түске тікелей әсер етеді. Екіншісі — күнделікті түстер, яғни күн сайын адамда не қайталанатыны туралы түс. Бұл түстің түрі әдетте есте онша анық қалмайды. Келесісі — өткен шақтан қалған естеліктер, бұрын болған оқиғаларды қайта бастан кешіретін түстер. Одан кейінгісі — адамға өмірінде туындаған мәселені шешуге мүмкіндік беретін түстер. Мұндай түстер біздің өмірімізде саналы түрде не шешетінімізді түсінуге көмектеседі. Мысалы, тарихта осындай түстер арқылы жаналық ашқан біршама тұлға бар. Атап айтсақ, орыс химигі Д. Менделеев өзін әлемге танытқан элементтердің периодтық жүйесін түсінде көріп, дереу қағазға түсірген. Ал неміс хи-

мигі Ф. Кенуле бензолдың құрылымдық формуласын түсінде көрген. Жазушы Ф. Достоевскийдің «Жасөспірім» атты романының негізгі сюжеті ең алдымен түсіне кірген. Осындай тұлғалар қатарында көрнекті орыс ақын-жазушылары А. Пушкин, В. Маяковский, А. Фетте де бар. Олардың да шығармашылығында түс көру, сонынан оларды жырға қосып, поэмаға айналдыру кездеседі. Сонғысы — көпшілігіміз көретін қайталанатын түстер. Зерттеушілер егер түстер жиі қайталана беретін болса, бұл шешілмеген мәселенің көрінісі екенін айтады.

### СҮЗГІЛЕНГЕН АҚПАРАТ ТҮСІМІЗГЕ КІРЕДІ

Мамандар жалпы түс көрудің бес түрлі себебі барын айтады. Олар — ерекше әсер қалдырған, күндіз өңде көрген жайлардың, оқиғалардың өсерінен түс көру, күндіз істеген шаруаларға, жұмыстарға байланысты түс, ауырған себепті көрген түс, аян беру және жанның мазасыздануына байланысты

түс көру. Түс көру туралы сөз қозғағанда Зигмунд Фрейдті атап өтпеуге болмайды. Әлемге әйгілі америкалық психолог 1900 жылғы «Түс жору» еңбегінде түс көрудің айқын мазмұнымен қатар тылсым астары да барын, сондықтан түс адамның бейсаналық денгейіндегі ойлариның символдык бейнесі екенін жазады. Ол өз еңбегінде түс көруді екі топқа бөледі. Біріншісі — адамның түйсігінің осы шақта немесе өткен шақта болған оқиғаларына түс арқылы шолу жасауы. Мұндай түстерді ол болашаққа қатысы жоқ деп санайды. Екіншісі — болашақты түс арқылы көру немесе жорамалдау. Фрейдтің теориясы бойынша түс — адам санасында ішкі (арман-тілектер) және сыртқы (күнделікті тіршіліктегі түрлі жағдайлардың) әсерден туындайтын адам жанының реакциясы.

Сомнолог Әділ Бейсенбаевтың айтуынша, түс — адам қабылдаған ақпараттың айнасы.

— Біз күнделікті өмірде өте көп ақпарат аламыз әрі оны өңдейміз. Қарапайым, көшеде кездейсің көрген адамдарды да ми өзіне ақпарат ретінде есіне сақтап қалады. Біз ол адамды танымасак та, сөйлеспесек те, миға ол да «керек». Осылайша, миллиардтаған ақпараттың барлығы мида бір-бірімен жалғасып, байланыс құрады. Осы байланыстар арқылы электр сигналдары пайда болады. Сол электр сигналдарын есте сақтау қабілеті дейміз. Адам ұйықтап, ақпаратты қабылдай алмайтын күйде болғанда ми ішкі жұмысына кіріседі. Күні бойы жиналған ақпаратты сүзгілейді. Біз ұйықтап жатқанда, ми нені сақтау керек, ал нені ұмыту қажет екенін «шешеді». Осы сәтте, яғни миымыз ақпаратты сүзгенде өткізіп жатқан кездегі сигналдардан пайда болған образдарды түс деп атаймыз, — дейді ол.

### ЖАМАН ТҮСТІ ЖОРУҒА БОЛА МА?

Түс жору — халқымыздың ежелден бері жалғасып келе жатқан ерекше ғұрыптары-

ның бірі. Халық наным бойынша кез келген адам түс жори алмайды. Тек түс жори алатын қабілетке ие дана адамдарға жорықтықтан. Көрген түсті дабыра қылып жұртқа айтуды да күп көрмеген. «Бабалар сөзі» атты көптомдық еңбекте егер адамның көрген түсін біреу: «Мына түсті менің басым көшір, жақсылығын маған бер» деп тілейтін болса, түстің бақыты сол кезде ана кісіге ауып кететіні айтылған. Мұны қазақ «Түсті көшіріп алу» деп атаған. Бұған қоса, «Кері жорыған түс түбіне жетеді», «Түс — тәнірдің аяны», «Түс мәтінін білмесен жорыма, білмеген дұғаны оқыма» деген тәсіл сөздерде қалған. Түс жоруға қатысты ең кең тараған «Түс — түлкінің боғы» деген сөз бар. Кейбір күрделі, қорқынышты түстерді беталды жори бермейді. Жаман түс көрген адамды шошытып, үмітін үздіріп алмауы үшін «Түс — түлкінің боғы» деп жаман түсті жорымай қоятыны осыдан.

Түс жоруға қатысты Абылай ханның түсін өзіннен кейінгі ұрпағының ұсакталуы деп Бұқар жыраудың жорыуы, қайда жерге барса да өз көрін қазғандарды көрген Қорқыттың түсі, Асан Қайғының қазақ жерін орыстың басып алу қаупіне алаңдап: «Бұл арадан көшпесен, айтқаным түспесен, орыс алар қалаңды, шулатар қатың-баланды, осыны көрдім түсімде!» деуі және осы секілді басқа да аңыз-әңгімелер халқымыздың түсінігінде түс жорудың маңызы бөлек екенін білдірсе керек.

Қазақта «түс садақасы», «түс құдайысы» деген ұғымдар да бар. Әсіресе, түс садақасына қатысты оқиғалар қазақ хандарының, батырларының өмірлерінде көп ұшырасқан. Мысалы, Абылай ханның өз сардарларының бірі Жәнібектің түсін оңға жорып, түс садақасын жасау арқылы жеңіске жеткені жайлы аңыз-әңгіме кімді болса да қызықтырары хақ. Бұл аңызда түс жорудың екі түрлі шарты ескерілген. Бірі — қандай түсті де жақсылыққа жору, екіншісі — келер қауіпті құдайы, садақа беру арқылы болдырмау.

### ДІН ТҮСТІ ҚАЛАЙ ТҮСІНДІРЕДІ?

Ислам дінінде де түс жоруға ерекше мән берілген. Мұны бізге дінтанушы Модина Жұмаділаева былайша баяндап береді:

— Әнас ибн Malikтің (р.а.) айтуынша, Мұхаммед Пайғамбар (с.а.с.) түс жорушыларға мынандай кеңес берген: «Түсте көрген заттардың атауларын түстің жорылуына негіз етіп алыңыз. Олардың түспалды мағыналарын жорамалға салыңыз. Түс алғашқы жорушыға қарай шыңға айналады», — дейді ол.

Дінтанушының айтуынша, түс жоруға қатысты біршама діни еңбекте де зерделенген. Мәселен, Имам Құртуби «Дәл-Жамиу ли ахкамил-Құран» атты еңбегінде Имам Malikтен «Кез келген адам түс жори ала ма?» деп сұрағанда, ол «Түсті жақсы жори алатын адам ғана жоруы керек. Егер түсті жақсы деп ырымдаса, жақсыға жорысын, жақсыға ырымдамаса да жақсыға жорысын яки үндемесін» деп жауап бергені жазылған. «Жаман түс болса да жақсыға жору керек пе?» деген сұраққа Имам Malik: «Жоқ! Түс — пайғамбарлықтың бір бөлігі, онымен ойнауға болмайды!» деп түсіндірген екен.

Ибн Сириң Мұнұхабал-Калам өз еңбегінде әуелі түс жоруды түсті тыңдағанда немесе оның жаман екенін ырымдап оны жорымағанда я болмаса түсті жеткілікті түрде түсінбегенде былай деп дұға оқуы тиістігін айтады: «Жақсылығы — өзіне, жамандығы — дұшпанына, жақсылығын өзін көр, жамандығынан сақтан!» Егер түстің жорамалы түс көрушіге ғана қатысты болса, осылай дұға оқыды. Ал ол түс баршаға қатысты деп есептесе, «Жақсылығы — бізге, жамандығы — дұшпандарымызға, жақсылығын біз көрейік, жамандығынан сақтанайық» деп дұға оқуы тиіс делінген.

### Түйін:

Қысқасы, түс көру — біздің күнделікті өміріміздің бөлшегіне айнаған тылсым құбылыс. Ал түстің сырын ашуға ұмтылатындар әлі де көп. Әр саланың зерттеушісі өртүрлі пікір айтады. Демек, адамзат болмысындағы осынау құбылыс пенденің көп құпиясының бірі болып әлі біраз уақыт сырын бүгетіні шығар.

Жанель ҚУТТЫБАЙ





**Биыл еліміз бойынша жалпы 23,4 млн гектар егіс алқаптарына түрлі дәнді дақылдар себілген. Бұл өткен 2022 жылғы көрсеткіштен 68,6 мың гектарға артық екенін Ауыл шаруашылығы министрлігі ресми түрде жариялаған болатын. Дегенмен жаз тым ыстық болып, құрғақшылық қысып тұрғаны да жасырын емес. Дикандардың көпшілігінде жұмсаған шығынын өтей алмай қаламыз ба деген күдік басым. Әрине, диқан қауымы көктемгі және күзгі науқандағы шығындарын өндіре алмай қарызға белшеден батып жатса, мемлекетке де оңай соқпасы анық.**

Биылғы қуаңшылық жағдайының кері әсері жөнінде түрлі болжам айтылуда. Бұл жөнінде еліміздің солтүстік және орталық аймақтарына арнайы барып, алқаптарды аралап, зерделеп жүрген А.Бараев атындағы Астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығының Ауыспалы егіс зертханасының менеджері Алдаберген Қиясқа хабарласып, мән-жайды білген едік.

Оның айтуынша, дәл қазіргі жағдай бойынша күзде дикандар әр гектарынан шамамен 11-13 центнерден өнім алынады деп болжам жасап отыр. «Көрсетілген жобадан артық өнім жинайтын қожалықтар да бар болуы мүмкін. Бірақ олар жергілікті жерлердің ерекшеліктеріне байланысты болмақ», — дейді ол.

«Казгидромет» ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі бойынша арнайы болжамын жариялады. Ондағы есептік деректерге сәйкес, биыл елдің негізгі астық егетін облыстары Костанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Павлодар өңірлерінде жаздық бидайдың өнімділігі орташа көпжылдық мөндер деңгейінде қалып отыр. Бұл дегеніміз әр гектардан 11-13 центнер өнім жиналады дегенді білдіреді.

Дегенмен жаз айларындағы жауын-шашынның аз болуына байланысты мемлекет құрғақшылықтан зардап шегіп жатқан дикандарға көмек пен қолдау көрсетуді бастап кеткен. Ауыл шаруашылығы министрлігі таратқан мәліметке сәйкес, биыл Қазақстанның сегіз өңірінде құрғақшылық қаупіне байланысты

гектарынан 12 центнерден өнім жинайтын жағдайда болса, онда ол өзінен шыққан шығынды түгелдей жауып, азын-аулақ пайда да табуы мүмкін. Бірақ бұл да нақты көрсеткіш емес екенін еске салған жөн.

Қазақстан астық одағының ресми өкілі, сарапшы Евгений Карабанов дәл қазір отандық ішкі нарықтағы бидай бағасы тұрақты болып тұрғанын айтты.

«Дегенмен күзгі жиын-терім науқаны тұрақтылықты өзгертуі мүмкін. Еліміздегі ішкі нарықта 3-сыныпты бидайдың тоннасы 80-85 мың теңге көлемінде болып тұр және бұл баға ұзақ уақыт бойы сақталып келе жатыр. Ал жоғары сапалы Ні-рго бидайы тоннасына 90-91 мың теңгеге саудалануда. Алайда бұл тұрақтылық шаруалар үшін тым төмен. Осыдан бір жыл бұрын аталмыш сорттың әр тоннасы 185 мың теңгеге бағаланған. Яғни, бүгінгімен салыстырғанда 100 мың теңгеге жоғары. Ал 2023 жылдың қыркүйегінде бізді не күтіп тұрғанын білмейміз. Көрші Ресейдегі болып жатқан қазіргі ахуал мен өзге де нарықтағы елдердің үлес салмағы әсерін байқай алмаймыз», — дейді ол.

Бүгінде елімізде егіншілікпен айналысатын шаруа қожалықтары өз алқаптарының 85-90%-ға жуығына дәнді дақыл түрлерін егеді. Ауыз толтырып айтып отырған алқаптардан алынатын өнім көп жағдайда болжамды межеге жетпей қалады. Бұған шаруа қожалықтарының басшылары мен мамандарының салғырттығы тікелей әсер етіп отыр.



236 мың гектар алқап сактандырылған. Қазақстандық фермерлер топырақ ылғалдылығының тапшылығын индексстік сактандыру бойынша 111 шарт жасасты. Осылайша, мемлекет тарапынан төленетін сома шамамен 1,5 млрд теңгені құрады, оның 1,2 млрд теңгесі субсидияланып үлгерген.

Қазір біздің елдің экономикалық жағдайларына сәйкес, егер диқан әр

«Ең бастысы, диканшылықта біліктілік қажет. Өнімді мол жинағын келсе, сәйкесінше білікті болуын керек. Немесе білгір мамандармен жұмыс істеген тиімді болмақ. Қазір климат та, топырақ жағдайы да қатты өзгеріске ұшыраған. Қазақтың «Не ексең соны орасын» деген тәмсілі бүгінгіңің дикандарына жүрмейтінге ұқсайды. Ғалымдар егін шаруашылығына ғылым мен заманауи білікті

# ҒҮЛТЪММҒЕН

«достасқан»

## ДИҚАН ДАМИДЫ

маман келмейінше алға жылжу мүмкін емес екенін үнемі айтып келеді. Бұл — жалпы ауыл шаруашылығы саласына тікелей қатысы бар дүние. Бірақ ғылымды былай қойғанда ғалымға құлақ асатын қожалық басшыларының саны тым аз. Себебі еліміз бойынша астық шаруашылығы қожалықтары басшыларының 40-45%-ы саланы толық меңгере алмай келеді. Осы бір олқылықты жою үшін мемлекет тарапынан дикандар мен қожалық басшыларын қайта даярлау керек», — деген ұсыныс айтады Алдаберген Алдонғарұлы.

“

*Ғалымдардың үнемі қадағалауы мен ғылыми негіздеме-лерді ұдайы жүргізуінің нәтижесінде «Найдордовское» ЖШС тәжірибе-лік алқаптарының әр гектарынан 2018 жылы 55-60 центнерден өнім алынған. Мұндай мол өнім жинау бүгінгі біздің ел үшін үлкен көрсеткіш екені шындық.*

Астанадағы С.Сейфуллин атындағы Аграрлық зерттеу университетінің ғалымдары да ғылым мен ауыл шаруашылығын бір арнаға тоғыстыру керек екенін алға тартуда. Ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Бекзат Амантаев өзі бастаған бір топ мамандардың тікелей араласуымен 2017 жылдан бері Қарағанды облысы Осакаров ауданына қарасты «Найдордовское» ЖШС алқаптарына тәжірибе түрінде жаздық бидай мен астықтың өзге де түрлерін егіп, үлкен ғылыми тәжірибелер жасап жүргенін айтады. Ғалымдардың үнемі қадағалауы мен ғылыми негіздеме-лерді ұдайы жүргізуінің нәтижесінде «Найдордовское» ЖШС тәжірибелік алқаптарының әр гектарынан 2018 жылы 55-60 центнерден өнім алынған. Мұндай мол өнім жинау бүгінгі біздің ел үшін үлкен көрсеткіш екені шындық.

Ғылымға сүйеніп жасалған дүниенің пайдасы шаш етектен болатынын бірден

алқаптарын 20 мың гектарға жеткізген. Осылайша, шаруашылықтың жылдық табысы едәуір артып отыр. Мысалы, 2015 жылы 1,6 млрд теңге табыс тапса, 2022 жылы табыс көлемі 5,8 млрд теңгеге жеткен.

Көп жағдайда табысты еселеп тапқысы келетін шаруашылық басшылары Алдаберген Алдонғарұлына тікелей хабарласып, шығын шығармай өнім жинау жөнінде ақыл-кеңес сұрайтын көрінеді. Бұл мүмкін емес дүние екенін былайғы қарапайым жұрт та біледі. Сондықтан біліктілікті арттыру мәселесін қолға алуды сала ғалымдары түгелдей қолдайды.

«Климаттық жағдайы мен топырақ деңгейі біздің елге ұқсас келетін Канадада өнім де, сапа да жоғары. Себебі ол елде ғылым мен өндіріс етене жұмыс істейді. Ол жақта дикандардың ұрпақ сабақтастығы деген ұғым қалыптасқан. Себебі мынау. Қазір диканшылықпен айналысатын қожалық иелері ата-бабасынан бері осы кәсіппен шұғылданып келеді. Алтыншы ұрпаққа ауысқан дәстүрлі диканшылықта қателік болуы екіталай. Бізге де бұл дәстүрді қалыптастырып, ұрпақтар сабақтастығын жолға қою керек», — дейді Алдаберген Қияс.

Еліміздің, әсіресе солтүстік өңірлеріндегі алқаптардың топырақ жабын-

лады. Сол себепті мемлекет тарапынан еліміздің топырақ жағдайы мен өсімдіктер әлемін жігі зерделей отырып, алдымен отандық тыңайтқыштар реестрін жасап шыққан абзал. Осыдан кейін отандық тыңайтқыштарды тиімді әрі жүйелі қолданушы шаруашылықтарға арнайы сыйақы тағайындаудың механизмін құру қажет. Биыл 704 мың тонна тыңайтқыш енгізу жоспарланған, оның 63%-ы отандық тыңайтқыштар үлесіне жатқызылған. Бірақ отандық өнімнің сырттан келіп жатқан өнімдермен бәсекелесе алуы және дикандарға толықтай отандық өнім туралы ақпарат берілу жағы күмәнді.

Ауыл шаруашылығы ел экономикасының драйверіне айналуы керек деп айтып жүрміз. Жалаң айкай мен урнанан тұқ шықпайтынын соңғы 30 жылда көріп болдық. Енді жоғарыдағы ғалымдардың сөзіне құлақ асып, ауыл шаруашылығына ғылымды мемлекеттік маңызы бар жобалар негізінде енгізу қажет. Ауыл шаруашылығы министрлігінің құрамындағы ғылыми институттарды қайта саралап, бірізді қаржыландырылса деген ой біздікі. Әлемнің дамыған елдерінде ғалымдар еш уақытта табыс көзін іздеп әр жерге бас сұқпайды. Олар мемлекеттің және мемлекет арқылы жүйеге қойылған шаруашылықтардың тапсырыстарын жүзеге асырып отырады.



дысы қатты тозып бара жатқаны туралы ғалымдар жиі айтып жүр. Осы уақытқа дейін зерттеулер бойынша алқаптардағы топырақ қарашіріндісінің 35 пайызы желге ұшып кеткен көрінеді. Бұл — алқаптарды дұрыс пайдаланбаудың тікелей әсері. Бұлай кете беретін болса, алқаптардан алынатын өнім сапасы күрт төмендеп, шығынға ұшырайтыны шын.

Осыған байланысты Агроэкологиялық сынақ орталығының менеджерісі, PhD докторы Ақгүл Кәсіпхан топырақ жағдайын қайта қалпына келтіру аса ұзақ уақытты талап ететін процесс екенін және топырақтың қазіргі жағдайын сақтап қалу үшін адам баласы ғылыми дәлдік негізінде жерге көмектесу керекін айтып отыр.

«Ғылыми және агрохимиялық дәлдік негізінде топырақ жағдайын сақтай отырып өнім алуға болады. Мұнда, ең бірінші, ауыспалы егіншілік пен органикалық тыңайтқыштарды қолданып ұзақ уақыт бойы қадағалау қажет. Олай болмаған жағдайда біз қазіргі мүмкіндігімізден айырылып қалуымыз ықтимал. Сондықтан тыңайтқыштарды пайдалану кезінде аса сак болған абзал. Топырақ экологиясы — әлемдегі ауқымды мәселенің бірі. Сол себепті жер бетіндегі құнарлы топырақты қалпына келтіру не болмаса сақтап тұру ұдайы түрде үзіліссіз жүргізілуі тиіс», — дейді А.Кәсіпхан.

Бүгінде біздің нарықта сан түрлі препарат көп. Олардың арасында қуаңшылыққа төзімді тұқымнан бастап қуаңшылықтан қорғайтын, мол өнім беруге әсер етушілерін де кездестіруге болады. Біздегі қожалықтардың біразы көп жағдайда осындай жалған әрі арзан дүниелерге ұрынып, артынан сан соғып қа-

Ал біздің ғалымдар шаруа қожалықтарының өздері аралап, ғылыми жобаларын өз қолдарымен ұсынып жүр. Жүйелік негізде бұлай болуы тиіс емес. Сол себепті ғалымдардың шаруашылықтарға қатысты айтып отырған пікірімен толықтай келісуге болады. Ауыл шаруашылығы саласы бойынша әлемде алдыңғы қатарға шыққан Канада, Франция, Германия сынды мемлекеттерде шаруалар ең алдымен ғылымға жүгінеді. Ғалымның берген кенесі немесе дәлелдерінің бір қадам алға не артқа жылжымайды. Міне, осы қағиданы орындаған тұста шаруаның да, ғылымның да, тіпті мемлекеттің де есебі түгел болмақ.

Алдаберген Қияс шетелдік тәжірибені ұсына отырып, еліміздегі біршама қожалық басшыларына барып жолыққанын айтады. Мәселені төтесінен қойып, ғылыми тұрғыда қол ұшын созып көмектесетінін де ескерткен. Бірақ егіншілікпен айналысатын шаруашылықтар еш ынғай танытпапты. Әрине, арасында тың тәсілді мойындап, бірлесе жұмыс істейтіндері бар. Десе де, ондайлар саусақпен санарлық қана.

Шаруа қожалықтары мемлекеттен берілетін субсидияға сеніп мәселеге салғырт қарап отыр. ДСУ-ның талаптары бойынша 2028 жылдан бастап біздің елде ауыл шаруашылығы саласы бойынша субсидия беру тоқтатылуы мүмкін. Сол уақытқа біздің аграрлық сала дайын болуы керек. Ондай жағдай болған кезде біздегі ауыл шаруашылығымен айналысушылардың біршамағы нарықтан кетіп, бәсекеге қабілеттері ғана қалады. Осы тұста ғылыммен тығыз байланыс та бір жүйеге келері сөзсіз.

# ТЕГІН ЖАҒАЖАЙ – ҚҰРҒАҚ УӘДЕ



**Жаз басталса Қызылорданың ми қайнатар ыстығына тезу мүмкін емес. Солай бола тұрса да, Сыр өңірінде тұрғындар мен қала қонақтары шомылатын жағажайлардың жағдайы мез емесі белгілі. Ал ақылы жағажайды қарапайым халықтың қалтасы көтермейді.**

Мәліметке сенсек, бүгінде өңірде 12 демалыс орны мен екі жағажай жұмыс істейді екен. Соның ішінде қала орталығындағы «Сыр самалы» қалалық жағажайы мен Белкөл кентіндегі демалыс кешені жаз мезгілінде тұрғылықты халықтың жиі демалатын орны саналады. Қаланың орталығындағы «Сыр самалы» жағажайы көп жылдан бері қала

тұрғындары мен қонақтарына қызмет етіп келеді. Бұл демалыс орны алғаш ашылған кездері демалушыларға қызмет көрсету жоғары деңгейде ұйымдастырылатын. Қайықпен серуендеп, спорттық шаралар өткізу жолға қойылған болатын. Оған барушылар қарасы да қалың болды. Алайда соңғы жылдары жағажайға жергілікті тұрғындар тарапынан жиі сын айта бастады. Бұл орыннан жанға сая іздеген жұрт шомылатын орындағы судың тазаланбайтынын, жиі лайланатынын алға тартты. Ал Белкөл кентіндегі «Абай» демалыс жағажайы 2017 жылы ашылып, халыққа қызмет көрсетуді бастады. Оның жалпы аумағы 27 гектарды құрайды. Жергілікті кәсіпкер, «Абай» шаруа қожалығының

төрағасы Мұрат Нұрсайтовтың демеушілігімен ашылған жағажайдың 13 гектарын 3 бөліктен тұратын көл құрайды. Мұнда демалушылар мен балық аулаушыларға арнайы орындар ұйымдастырылған. Жағажайда балалардың демалуына жағдай жасалған. Дей тұрғанмен, алғашында ақылы негізде қызмет көрсететін бұл жағажайдың бағасы сұранысқа ие болғанымен, кейіннен құнының күрт көтерілуі демалушылардың қалтасына айтарлықтай салмақ түсірді. Қызылорда қаласының алдыңғы әкімі Ғанибек Қазантаев бір кездері осындай олқылықтарды ескеріп, қала аумағынан тегін жағажай ашуды қолға алған болатын. Алғашында қала аума-

ғындағы «Эделвейс» саяжайынан тегін әрі қауіпсіздік шаралары жолға қойылған жағажай жұмысын іске қосу бастамасы көпшілік тарапынан қызу қолдау тапқан еді. Алайда екі жыл бұрын пайдалануға беру жоспарланған демалыс орнын іске қосу жобасы аяқсыз қалды.

– Негізінен, «Эделвейс» саяжайынан тегін жағажай ашу ісі өзектілігін жойған жоқ. Қазір қаланың Жұмылдыру басқармасы осы мәселемен айналысып жатыр. «Атамекен» палатасы арқылы кәсіпкерлерге байқау жариялап, бір көсіпкер 5 жылға сенімді басқаруға алып, жағажай ашуға ниет білдірді. Жалпы, 2021 жылы жол салушылар сол аумақтың су беретін арнасын көміп тастаған болатын. Соған орай су айналымы болмай, сапасы нашарлап, жағажай ашуға жарамсыз деп танылған еді. Одан кейін ол аумаққа шлюз қойып, бекітілген каналды аштық. Соған орай саяжайдағы судың қазіргі жағдайы талапқа сай. Алдағы жылы тегін жағажайдың игілігін ел көреді деген үмітіміз бар, – деп түсіндірді бұл жайында «Атамекен» көсіпкерлер палатасы жанындағы көсіпкерлердің құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кеңесінің төрағасы Болат Нұрқожаев. Негізінен, күріштік алқапқа су берілуі тоқтаған уақытта дарияда тіршілік нәрінің тапшылығы сезілетіні жасырын емес. Сол уақытта шлюзді жауып, саяжайдағы суды сақтап қалу қажет. Соған сәйкес облыстық қоғамдық кеңес мүшесі көсіпкер тарапынан тиісті жұмыстар жүргізілетіні де жеткізді. Дерекке сүйенсек, Сырдария өзенінің ұзындығы шамамен 1 274 шақырымды құрайды. Бұдан өзге өңірде 19 ірі және 220 шағын канал, 207 көл орналасқан. Бұлардың ішінде 63 нысан қауіпті учаске деп танылған. Жылма-жыл өңірде су айдындарында адам өлімі тіркеліп, суға шомылу қауіпі сейілмей тұр. Құзырлы орындар мұндай қайғылы оқиғаның басым көпшілігі қауіпсіздік шараларын сақтамағандықтан болып отырғанын айтады. «Жазғы уақытта азаматтардың суға шомылу кезінде қауіпсіздік шараларын

дұрыс сақтамауы салдарынан қайғылы оқиғалар жиі болып жатады. Соның ішінде қауіпті деп танылған аумаққа бару, масан күйде суға түсу, ескертуге мән бермеу, балаларды қараусыз қалдыру деректері азаяр емес. Бүгінде мұндай келенсіздікке жол бермеу мақсатында түрлі рейдтік шара ұйымдастырылып келеді. Нәтижесінде, суайдындарындағы 63 қауіпті аймаққа 310 ескерту тақтайшасы мен 68 билборд ілінді. Мұндай жұмыстар үздіксіз жүргізіліп отырады», – деп түсіндірді бұл жайында арнайы өткізілген брифингте облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің басқарма басшысы Асхат Тоғызбаев.

Осы орайда айта кетерлігі, тиісті орындар тарапынан былтыр облыс аумағында 4 коммуналдық жағажай салу бойынша қаулының әзірленіп жатқаны мәлім етілген болатын. Оған дейін шомылу орнына зәру халыққа әзірше рұқсат етілген 2 жағажайда жанға сая таба тұруын айтқан еді. Бірақ тағы да тегін жағажай құр уәде күйінде қалып қойды. Арал ауданына қарасты Қамыстыбас ауылындағы Қамбаш көліне де халықтың жағажайдың соңғы жылдары ақылы негізде жұмыс істей бастағанына көпшілік наразы. Бұл жайында талай рет айтылғанымен, жергілікті әкімдік тарапынан тегін жағажай қызметін қалыптастыра алмай отырғаны көңілге күдік ұялатып тұр. Қалай дегенде де, суға шомылу сақтықты қажет ететінін ескергенімен, ақылы жағажайды қалтасы көтермейтін халық амалы жоғынан рұқсат етілмеген орынға жиі барып жатады. Соның салдарынан сыр жағасында қайғылы оқиғалар жиілеген. Сондықтан қауіпсіз әрі тегін жағажай салуды жеделдету қажеттілігі өздігінен сұранып тұр. Бұл тұрғыда қызылордалықтар арман болған коммуналдық жағажайды іске қосуда қаланың қазіргі әкімі Асылбек Шәменовке үмітпен қарайды.

**Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,**  
*Қызылорда облысы*



**Періштені де жолдан тайдырған алтын үшін бағзы заманнан бері өлемде даулы оқиғалар, тіпті алапат соғыстар да болғаны аян. Қымбат бағалы металды өндіруде мүдделер қақтығысы мен аса күрделі саяси жағдайлар да жиі болып жатады. Ақмола облысы Ерейментау ауданында да алтынның айналасында даулы оқиғатуындап, қазір мүлде ұшығып барады. Ресейлік «Росатом» компаниясының халықтың мал жаятын жерінде алтын өндіруге ұмтылысы халықтың наразылығын тудырған.**

Ауданның Бестоғай селолық округіндегі Қызылту қарьерінде сонау Кеңес Одағы тұсында-ақ молибден мен уранның аса мол қоры анықталып өндіру мақсат етіледі. Дегенмен ауыл тұрғындарының айтуынша, егер қарьер қазылып, кен өндіру жұмыстары басталса, экологиялық ірі апаттық жағдай болуы мүмкін екенін болжаған сол кездегі белгілі ғалым Қолбасин мемлекет басындағы Дінмұхаммед Қонаевқа арнайы хат жазып, кен өндіруге тоқтау салған деседі. Бірақ кейіннен 2010 жылдары ресейлік «Росатом» компаниясы Бестоғайдағы Қызылту кен орнынан сирек кездесетін бағалы металдарды өндіре бастаған көрінеді. Шикізаттың қоры азайған соң ресейлік компания сол маңдағы жерлерге тағы барлау жасаған. Жан-жақты зерттеу жүргізген «Росатом» компаниясының өкілдері Новомарковка ауылының жанынан алтынның басқа да бағалы кен түрлерінің қорын анықтаған. Ауыл халқының үзілді-кесілді наразылығына қарамастан компания Экология, сондай-ақ Индустрия министр-

ліктерінің келісімдерін де алып алған. Дегенмен тұрғындар соңына дейін күресіп болмаса, өз күштерімен компанияны қуып шығуға ниеттенгенін жасырмады. Жергілікті қоғам белсенділері аталған мәселеге аудан әкімінің де қатысы болуы мүмкін деп есептейді. Өйткені осы даулы оқиғадан кейін аудан әкімі Абай Әлжанов жұмыстан босатылыпты. – Мен осы Новомарковка ауылында туып-өскен азаматпын. Қыстығүні «Росатомға» осы жерлерден кен қазуға халықтың қарсылығына қарамастан рұқсат берілген көрінеді. Ақпан айында қарьер қазамыз деп келді. Бұл жерде талай уақыттан бері халық малын жаяды. Халық малын баққан 400 гектар жайылым жерді қарьерге беріп жібермек. Ал ол жерде қарьер қазса, халық күн көріп отырған малын қайда апармақ? Халық 100 пайыз қарсы шыққан. Дегенмен олар Новомарковка емес, Бестоғайда қоғамдық тыңдау өткізіп, соны Экология, одан Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрліктерінің рұқсаттарын алып қойған. Халық наразылық көтеріп ақыры 29 тамызға тағы қоғамдық тыңдауды бекітіп отырмыз. Аудандық прокурорға мәселені жеткізгенбіз. Бірақ ол кен орнын ашпаса, Степногорда алған кенді өңдеу кәсіпорнында 2 мыңнан астам адамның жұмысыз қалатынын айтып отыр. Сонда біздің өз ауданымыздың халқының жайы не болмақ? Біз соңына дейін күресеміз! Бұл жайылым ғана емес, экологиялық жағдайды да ұшықтырады. Онсыз да өндіріп жатқан уран, молибден, басқа да металдан мұнда онкологиялық ауру түрлері өршіп барады. Степногорда 2000 мың адам жұмысыз қалады дейді. Аталған

## АЛТЫННЫҢ АЙНАЛАСЫНДАҒЫ ДАУ

жағдайдан облыс прокуратурасы да, облыс әкімдігі де хабарлар. Мәслихат сессиясында облыс әкімінің орынбасары Азамат Тайжановқа өзін айтып бергенмін. Халық соңына дейін баруға бекініп отыр, – дейді Ерейментау аудандық мәслихатының депутаты Ержан Биесенов. Ауданда халық наразылығын білдіріп жатқанымен, облыстағы тиісті құзырлы басқармалар аталған мәселеден еш хабарсыз екенін айтып ақталмақ болды. Ақмола облыстық Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Руслан Әубәкіров Ерейментаудағы аталған жағдай 1-санатты болғандықтан, Экология департаментіне тиесілі екенін, дегенмен қоғамдық тыңдауға қатысатынын айтып. Облыстық Экология департаменті де жағдайдан хабарсыз екенін, аталған ауданнан мұндай арыз-шағым түспегенін айтып, дегенмен мәселе бойынша анықанығын тексеретінін жеткізді. – Ерейментау ауданынан мұндай мәселе бойынша ешқандай шағым түскен жоқ. Қоғамдық тыңдау өткізіліп, алтын өндірудің қаншалықты қауіпті

екенін анықтамай, еш нәрсе айта алмаймыз. Толық зерттеп, жағдайды анықтау керек. Қоғамдық тыңдауға қатысамыз, – дейді Ақмола облысы Экология департаменті басшысының орынбасары Ержан Базарбекұлы. Облыстың Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Кенеш Әлімжанов та аталған жағдайдан хабарсыз екенін жеткізді. – Мұндай ақпаратты алғаш рет естіп тұрмын. Қазір сұрастырып, анықтап, сосын хабарласамын, – деді басқарма басшысы Кенеш Әлімжанов. Облыстық құзырлы ведомстволардан тұшымды еш жауап ала алмаған соң Ерейментау ауданы әкімдігінен мәселе жөнінде пікір беруін сұрадық. Алайда аудан әкімдігінің аппарат басшысы Ербол Құттыбаев үзілді-кесілді ресми хат жолдауымызды талап етті. Бірақ хат жолданғанымен, аппарат басшысы да сол күйі хабарсыз кетті. Хат ресми түрде жолданғанымен, арада үш күн өткенде барып қана тіркелді. Аудан әкімінің міндетін атқарушы Баттал Ыбыраев бұрынғы аудан әкімінің не үшін қызметінен кеткенін білмейтінін, басқа

сауалдарға толыққанды, бірақ кейіннен жазбаша жауап беретінін жеткізді. – Бізге келіп аудан әкімінің жұмыстан босатылғанын айтты. Не үшін кеткені бізге айтылмайды. Ол біздің құзыретімізде де емес. Ресейлік «Росатом» компаниясының алтын өндіруі бойынша заңмен бекітілген мерзімде толыққанды жауап береміз, – деді Ерейментау ауданы әкімінің міндетін уақытша атқарушы Баттал Ыбыраев. Бір кен орнын тауысқан ресейлік «Росатом» компаниясының 6 мың басқа жуық мал жайылатын жайылымының қарьерге айналуына қарсылық қос тарап арасындағы жағдайды ұшықтыруы өбден мүмкін. Сондықтан құзырлы министрліктер мен Үкімет мәселені түбегейлі қарастырып, жылдамдық тиісті шешім қабылдағаны жөн. Алда 29 тамызда қоғамдық тыңдау өткізілімек. Түйін бұл жолы тарқатыла ма? Жергілікті тұрғындар қанша алтын болса да, жайылымсыз қалмау үшін күресетінін айтып отыр. Өзекті жай біздің де назарымызда болмақ...

**Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,**  
*Ақмола облысы*



**Объявление о проведении закупки товаров «Товары для проведения международного конкурса профессионального мастера среди аварийно-восстановительных служб» способом открытого тендера**

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке товаров «Товары для проведения международного конкурса профессионального мастера среди аварийно-восстановительных служб» (Количество лотов – 1, на общую сумму 95 892 023,72 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых товаров и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 21 августа 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 12 часов 00 минут 21 августа 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-50.

**Объявление о результатах повторного открытого тендера, и проведении повторного открытого тендера закупки услуг «Отбор и тестирование образцов минеральных и синтетических масел»**

ТОО «Азиатский Газопровод», признает повторный открытый тендер по закупке услуг «Отбор и тестирование образцов минеральных и синтетических масел» - несостоявшимся.

В связи с вышеизложенным, ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении повторного открытого тендера по закупке услуг «Отбор и тестирование образцов минеральных и синтетических масел». (Количество лотов – 13, на общую сумму 97 507 695,60 тенге без учета НДС).

Перечень предоставляемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копии тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 – 13.00 ч. и с 14.30 – 18.30 ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности и копии документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 14 августа 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 12:00 часов 14 августа 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-76.

**Объявление о проведении закупки услуг «Организация и проведение международного конкурса профессионального мастера среди аварийно-восстановительных служб» способом открытого тендера**

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке услуг «Организация и проведение международного конкурса профессионального мастера среди аварийно-восстановительных служб» (Количество лотов – 1, на общую сумму 133 645 425,00 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 21 августа 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 00 минут 21 августа 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-50.

## «САБАҚ ОҚЫТАМЫЗ» ДЕП САН СОҚТЫРДЫ

**Атырауда «Мегамозг» оқу орталығына қатысты дау осымен екінші жылға жалғасып жатыр. Ата-аналардың әлеуметтік желідегі түрлі наразылығы түрткі болып қозғалған «Мегамозг» оқу орталығына қатысты істің соңы қазір сырықүйишәқта-ның кетті.**

Әзірге белгісізі, «Мегамозг» орталығы 145 ата-ананың әрқайсынан 100 мың мен 800 мың тенге аралығында ақша жинап алған.

«Балаларды сабаққа дайындаймыз, үй тапсырмасын орындауға көмектесеміз, тіпті тамақ-тандырып, тасымалдаймыз. Осы қызметтер үшін бір жылға демде төлем жасасаныз, едәуір ақшаңызды үнемдейсіз. Себебі біз сіздерге жеңілдік береміз», — деп, ата-аналардан алдап-сулап ақша жинап алған орталыққа балалар барып жарыма-ған. Себебі орталықтың ашылуынан жабылуы тез болған.

Райгүл Үргешова — орталыққа ақша төлеп, алданған аналардың бірі. Ол алты айлық оқудың ақсын желтоқсанда төлеп тастаған.

— Жеңілдікпен 103 мың тенге төледім. Оның ішіне тасымал да кіреді. Маған орталықтың жабылғаны туралы 8 қантар күні хабар келді. Өзім орталық директорымын деп таныстырған Аида Максотова оқу орталығының жабылғанын айтты. Ал менің балам орталыққа тіпті барып үлгермеді. Есесіне, ақ-

шаны алған кезде орталық еш шімірікпестен, бізбен қызмет көрсетуге байланысты келісім-шарт жасасты, — дейді Райгүл Үргешова.

Алданған аналардың бірі Әсия Ізтілеуованың айтуынша, қазіргі уақытта тергеу абактысында отырған Аида Максотова осы схемамен 2020 жылдан бері жұмыс істеп келген.

— «Мегамозг» орталығының алдында ол «Индиго», «Қазақ ленд», «Бэбиленд» те болған. Осылай ашады да түрлі сылтаумен жауып тастай-ды, — дейді Әсия Ізтілеуова.

«Баламды оқытамын» деп алды 100 мың, соны 800 мың тенгеге дейін орталыққа ақша төле-гендердің арасында несие рәсімдерінен де бар. «Қарап отырып, алаяқтар үшін ауаға ақша төлеп отырғанымызға қынжыламыз», — дейді аналар.

Біреу, екеу емес, бақандай 145 адамды сан соқтырған орталыққа қатысты жағдайдан Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов те хабардар. Себебі ашынған аналар әкіммен осы мәселе бойынша кездесті де.

— Мен бұл іспен таныстым. Өкінішке қарай, біздің қоғамда алаяқтар бар, олар кез келген жол-мен, тіпті балаларды оқыту атын жамылып ақша табуға тырысады. Бұл мәселені жан-жақты зерт-теуіміз қажет, қалалық прокуратура оны мұқият қа-далап отыруы керек. Сондай-ақ «Мектеп жа-сына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды қосымша оқытуға лицензия беру туралы» заңға өзгеріс енгізу туралы ұсыныстар әзірлеу қажет.

Мұндай істерге қатысы бар адамдар тиісті жаза-сын алуы тиіс, — делі Серік Шәпкенов.

Алайда құзырлы орғандылар қылмыстық істі тоқтату туралы шешімді қабылдаған.

Атырау қаласы прокурорының орынбасары Серік Ишановтың айтуынша, қылмыстық іске қатысы бар деп күдікке ілінген 5 тұлғаға қатысты істі тергеуші тоқтату туралы шешім қабылдаған.

— Қалалық прокуратура бізге жолдағанын кейін толықтай қосымша зерделенетін болады, — делі прокуратура өкілі.

Алайда ата-аналар орталықтың директоры ғана емес, ақша қабылдап, келісім жасасқандар да қылмыстық жауапкершілікке тартылуы керек деп есептейді.

Еске сала кетсек, «Мегамозг» оқу орталығына қатысты алаяқтық дереп бойынша тергеу өткен жылдың соңынан бері жалғасып келеді. Осы факті бойынша ҚР Қылмыстық кодексінің 190-бап, 3-бөлігі бойынша іс қозғалды («Екі немесе одан да көп адамға қатысты алаяқтық»). Тергеу бойынша күдікті ретінде бес әйел, сондай-ақ басты күдікті ретінде 29 жастағы Аида Максотоваға қатысты іс жүрді. Алайда жақында бес әйелге қатысты іс тоқтатылғаны анықталды. Ал бас күдікті Аида Максотова тергеу изоляторында отыр. Соны сұйылып бара жатқан істің соңы немен бітетіні белгісізі.

**Баян ЖАНҰЗАКОВА**

### **Ашық тендер амалымен «Апаттық-қалпына келтіру қызметтері арасында халықаралық кәсіби шеберлік байқауын өткізуге арналған тауарлар» тауарларын сатып алуы өткізу туралы хабарландыру**

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Апаттық-қалпына келтіру қызметтері арасында халықаралық кәсіби шеберлік байқауын өткізуге арналған тауарлар» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды (Лот саны — 1, жалпы сомасы 95 892 023,72 тенге, ҚКС-сыз).

Сатып алынатын тауарлар тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайынан алуға болады.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2023 жылғы 21 тамыз, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 21 тамыз, сағ. 12:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-50.

### **«Минералды және синтетикалық майлардың үлгілерін іріктеу және тестілеу» қызметтерін сатып алу бойынша қайта ашық тендердің нәтижелері және қайта ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру**

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Минералды және синтетикалық майлардың үлгілерін іріктеу және тестілеу» қызметтерін сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізілмеді деп таниды.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты, «Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Минералды және синтетикалық майлардың үлгілерін іріктеу және тестілеу» қызметтерін қайта сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны — 13, жалпы сомасы 97 507 695,60 тенге, ҚКС-сыз).

Сатып алынатын қызметтер тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі: 2023 жылғы 14 тамыз, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 14 тамыз, сағ. 12:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-76.

### **Ашық тендер амалымен «Апаттық-қалпына келтіру қызметтері арасында халықаралық кәсіби шеберлік байқауын ұйымдастыру және өткізу» қызметтерін сатып алуы өткізу туралы хабарландыру**

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Апаттық-қалпына келтіру қызметтері арасында халықаралық кәсіби шеберлік байқауын ұйымдастыру және өткізу» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды (Лот саны — 1, жалпы сомасы 133 645 425,00 тенге, ҚКС-сыз).

Сатып алынатын қызметтерін тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайынан алуға болады.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2023 жылғы 21 тамыз, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 21 тамыз, сағ. 11:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-50.

**Объявление о продлении срока проведения закупки услуг «Техническое обслуживание ГПА (RR)» способом открытого тендера**

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о продлении срока проведения ранее объявленного открытого тендера по закупке услуг «Техническое обслуживание ГПА (RR)». (Количество лотов – 7, на общую сумму 1 205 269 312,00 тенге без учета НДС).

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 17 августа 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 30 минут 17 августа 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-02-04.

**Ашық тендер амалымен «ГПА (RR) техникалық қызмет көрсету» қызметтерін сатып алуы өткізу мерзімін ұзарту туралы хабарландыру**

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «ГПА (RR) техникалық қызмет көрсету» қызметтерін сатып алу бойынша бұрын жарияланған ашық тендерді өткізу мерзімін ұзарту туралы жариялайды. (Лоттар саны — 7, ҚКС-ты есепке алмағанда жалпы сомасы 1 205 269 312,00 тенге).

Тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2023 жылғы 17 тамыз, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 17 тамыз, сағ. 11:30-да мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-02-04.

**Объявление об отмене закупки работ «Внутритрубная диагностика» способом открытого тендера**

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет об отмене ранее объявленного открытого тендера по закупке работ «Внутритрубная диагностика».

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-02-04.

**Ашық тендер амалымен «Құбыршілік диагностика» жұмыстарын сатып алуының күшін жою туралы хабарландыру**

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Құбыршілік диагностика» жұмыстарын сатып алу бойынша бұрын жарияланған ашық тендердің күшін жою туралы жариялайды. Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-02-04.

### **Объявление о проведении закупки товаров «Оборудование и инструменты для проведения международного конкурса профессионального мастера среди аварийно-восстановительных служб магистральных газопроводов» способом открытого тендера**

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке товаров «Оборудование и инструменты для проведения международного конкурса профессионального мастера среди аварийно-восстановительных служб магистральных газопроводов» (Количество лотов – 1, на общую сумму 74 340 281,57 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых товаров и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 21 августа 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 30 минут 21 августа 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-50.

### **Ашық тендер амалымен «Магистральды газқұбырларының апаттық-қалпына келтіру қызметтері арасында халықаралық кәсіби шеберлік байқауын өткізуге арналған жабдықтар мен құралдар» тауарларын сатып алуы өткізу туралы хабарландыру**

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Магистральды газқұбырларының апаттық-қалпына келтіру қызметтері арасында халықаралық кәсіби шеберлік байқауын өткізуге арналған жабдықтар мен құралдар» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды (Лот саны — 1, жалпы сомасы 74 340 281,57 тенге, ҚКС-сыз).

Сатып алынатын тауарлар тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайынан алуға болады.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2023 жылғы 21 тамыз, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 21 тамыз, сағ. 11:30-да мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-50.

### **Объявление о продлении срока проведения закупки работ «Средний ремонт газогенератора ГПА» способом открытого тендера**

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о продлении срока проведения ранее объявленного открытого тендера по закупке работ «Средний ремонт газогенератора ГПА». (Количество лотов — 1, на общую сумму 1 459 267 858,00 тенге без учета НДС).

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 17 августа 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 00 минут 17 августа 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-02-04.

### **Ашық тендер амалымен «ГӨК газ генераторын орташа жөндеу» жұмыстарын сатып алуы өткізу мерзімін ұзарту туралы хабарландыру**

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «ГӨК газ генераторын орташа жөндеу» жұмыстарын сатып алу бойынша бұрын жарияланған ашық тендерді өткізу мерзімін ұзарту туралы жариялайды. (Лоттар саны — 1, ҚКС-ты есепке алмағанда жалпы сомасы 1 459 267 858,00 тенге).

Тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2023 жылғы 17 тамыз, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 17 тамыз, сағ. 11:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-02-04.

**Атырауда жылына бірнеше рет қайталанатын проблема бар. Ол — қамыс өрті. Толық өшіруге бір емес, бірнеше күн кетеріс тілсіз жау әсіресе жаз мезгілінде тұрғындарға қиындық туғызады. Қаланы басқан күн мен күлімсі иіске қапырық ауа қосылғанда, далада жүру тұрмақ, тыныс алудың өзі мұңға айналады.**

**ЖЫЛДАҒЫ АПАТҚА  
КІМ КІНӘЛІ?**

Әріге бармай, шілденің басындағы жағдайды мысалға алайық. 6 шілде күні басталған өрт салдарынан алғашқы үш күннің ішінде Каспий жағалауындағы 450 гектардан астам аумақтағы өскін күлге айналды. 50 гектар жер ашық от құрсауында қалды. Тілсіз жаумен күреске 70-ке жуық маман, 20 шақты техника жұмылдырылды. Бірақ бұл да отты ауыздықтауға жеткіліксіз болды. Қызылордадан тікұшақ көмекке келді. Өрттің шығу себебі белгісіз қалды.

Бір аптаға созылған өрт салдарынан «Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерватына қарасты жалпы ауданы 910 гектар жер жанып кетті. Өрт сөндірушілер 7 күн бойы отпен арпалысты. Күннің аптап ыстығы мен қызыл жалын жайлаған аумақтың сулы, батпақты жерде болуына байланысты, қамыс өрті ауыздықтауға қиындық тудырды.

Атырау облыстық төтенше жағдайлар департаменті басшысының міндетін атқарушы Асқат Ержановтың мәліметінше, қамыс өрті сөндіру үшін Атырау облыстық төтенше жағдайлар департаменті мен «Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерватынан 80 адам мен 14 техника, «Қазавиақұтқару» АҚ-ның МИ-8 тікұшағы жұмылдырылды. Өрт басталғаннан бері тікұшақпен 167 рет 500 тоннадан астам су төгілді.

Қамыс неге жиі өртенеді? Айдалада жатқан Каспий жағалауындағы батпақты жерге кімдер өрт қояды? Атырауда қамыс өртенген сайын тұрғындар тарапынан қойылатын басты сұрақ — осы. Халық арасында осы мәселеге байланысты алып-қашпа әңгімелер де көп. Ел ішінде тараған әңгіменің дені «өрттің зансыз балық тасымалын ұйымдастыру үшін адамдардың белгілі бір тобы әдейі қояды» дегенге саяды. Ресми деректерге қарасақ, бытыр қамыс өртіне себепкер болған 12 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

— Оның үстіне, «Ақжайық» резерватының аумағы тым үлкен — 115 500 гектар. Желдің екпіні күшейіп, теңіз суы көтерілгенде, жағалауда да ылғал көбейіп, батпақты жерге автокөлік бара алмайды. Сондықтан өртенген қамысты сөндіру қиындық тудырады. Жасыратыны жоқ, қазір облыста сулы, батпақты жерде жүретін техника жетіспейді, — дейді

# ҚАМЫС ӨРТІ ҚАШАН ТОҚТАЙДЫ?



Күннің САПАРАБЕК (ФОТОСЖА)

Атырау облыстық Төтенше жағдайлар департаменті басшысының міндетін атқарушы Асқат Ержанов.

**ТЕХНИКА ТАПШЫ**

Осы жерде қамыс өртінің алдында неге сонша қауқарсызбыз деген заңды сұрақ туындайды. Біз осы сұрақты Атырау облысы әкімінің орынбасары Жасұлан Бисембиевке қойдық. Ол «Ақжайық» резерватындағы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кешенді шаралар қолға алынып жатқанын хабарлады.

— «Ақжайық» мемлекеттік табиғи қорығындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін Атырау облысының әкімі Серік Шапкеновтің тапсырмасымен, өрт сөндіру қызметтерінің материалдық-техникалық базасын жақсартуға жергілікті бюджеттен 1,5 млрд тенге бөлінді. Бұл қаражатқа 2 жол тағамайтын көлік, жедел эрекет етуге арналған 2 көлік, 1 автосаты және басқа да қауіпсіздік техникалары алынады. Орман шаруашылығы мекемелеріне 38 қосымша техника бөлінді, — деді Атырау облысы әкімінің орынбасары Жасұлан Бисембиев.

Бұған дейін Атырау облысы әкімдігі «Ақжайық» резерватын коммуналдық баланста алу мәселесін көтерген болатын.

Алайда Экология министрлігі резерваты әкімдік балансына беру ерекше қорғалатын аумақтар туралы заңға қайшы келетінін айтты. Дегенмен министрлік қорықтың материалдық-техникалық базасын жақсартуға 285 млн тенге бөлген.

Сондай-ақ атыраулық мамандар өрттің жайылуының алдын алу мақсатында ғарыштық мониторинг жүйесін қолдана бастады.

— Мәселен, 28 шілде күні бұл жүйе алғашқы нәтижесін беріп, қамыс өрті тұтанған бойда өшірілді. Бұл қаламдардың барлығы резерваттағы қауіпсіздік, төтенше жағдайлардың алдын алуға он әсерін тигізеді деп сенемін, — деді Жасұлан Бисембиев.

Тағы бір мәселе — Атырауда қамыс өрті өшіруге қолданылатын тікұшақ жоқ. Бұған дейін қызмет етіп келген тікұшақ осыдан біраз бұрын апатқа ұшырап, экипаж мүшелері көз жұмды. Сол апаттан кейін Атырауда екі рет қамыс өртенді. Апталап созылған қамыс өрті өшіруге Маңғыстау, кейін Қызылорда облыстарынан тікұшақ көмекке келді. Өкініштісі сол, «Ақжайық» резерватына тікұшақ алу әзірге жоспарда жоқ. Себеп — тікұшақ құнының қымбаттығы. Нарықтағы бағада бір тікұшақты сатып

алу үшін 9–12 миллиард тенге шамасында қаражат керек. Сондықтан сала мамандарына қазір беріліп жатқан мүмкіндіктермен ғана амалдай тұруға тура келеді.

**ҚАМЫСТЫ ҚАЖЕТКЕ  
ЖАРАТУДЫҢ ЖОЛЫ КӨП**

Біліктігерлер техникалық жабықтау, кадр тапшылығы мәселелерін алға тартып жатқанда, атыраулық оқушы күл боп жанып кетіп жатқан қамысты кәдеге асырудың жолын ұсынып отыр. Жәнель Шайдолла — 10-сыныпқа көшкелі отырған оқушы. Атырауда үнемі қайталанатын қамыс өрті проблемасынан құтылу жолын іздестіре келе, оқушы қыз қамысты құрылыс материалы ретінде қолданудың жолын ойлап тапты.

Оқушының мұндай ерекше жоба жасап шығаруына Абай орталығы жанындағы JASSpace кеністігінде қосымша білім алуы ықпал еткен. «Биохимия» жазғы қарқынды курсында білім алған Жәнель қамысты тұрғын үй салған уақытта құрылыс материалы ретінде қолдануды ұсынып отыр. Қамыстан үйдің шатырын, тіпті, бетон қабырға мәкетін де жасап көрген.

— Дамыған елдерде қамысты құрылыс саласында кенінен қолданады. Нақты айтқанда, цементті үнемдеу үшін арасына

қамыс қосылады. Қамыс араласып құйылған бетондарды үйдің қабырғасын тұрғызуға қолдануға болады. Қамысты үйдің төбесін жабатын шатыр ретінде де қолданады. Қамысты құрылыс материалы ретінде қолданудың экологиялық тұрғыдан тиімділігі бар. Қамыс қыс мезгілінде үй ішінде жылуды ұстап тұрады. Жазғы мезгілде үйде қоңыр салқын температура сақталып тұрады. Осылайша, қамыс пен сабанды ажырата білу керек. Құрылыс материалы үшін сапалы қамыс қажет, — дейді жас зерттеуші Жәнель Шайдолла.

Біз Жәнельден басқа емес, дәл осы қамыс тақырыбын тандап алуының себебін сұрадық. Сөйтсек, ол Атырауда үнемі қамыс өрті болатын Дамбы ауылында тұрады екен.

— Қамыс өртінің денсаулыққа зияны үлкен. Әсіресе, тыныс алу жолы ауыратын адамдар киналып қалады. Өкпе аурулары, бронхит, астма сияқты дерттер өрт кезінде адамды тұншықтырып, жағдайын нашарлатады. Қамыс өртенген уақытта өзіміз де үйдің есік-терезесін аша алмай не сыртқа шыға алмай тұншығып қаламыз, — дейді Жәнель.

«Биохимия» қарқынды курсының тренері Нұргүл Имамұратованың айтуынша, қамысты құрылыс материалы ретінде қолдану — әлемдік өнеркәсіп нарығында бар технология.

— Әдетте, қамыстан жасалған шатыр қалыңдығы 20–30 см болады. Қамыс су өткізбейді. Оның үстіне, қамысқа жәндіктер жиналмайды. Қамыс құрамында ауқыз болмағандықтан, шыбын-шіркей сияқты жәндіктердің жиналу мүмкіндігі — 0 пайыз, — дейді тренер Нұргүл Имамұратова.

Тағы бір қызығы, металл плиткалардан жасалған шатырлар 20–25 жыл қызмет ететін болса, қамыстан жасалған шатырдың кепілдігі 30 жылға дейін жетеді. Тағы бір айта кетерлігі, қамыстың ағашқа қарағанда ылғалға төзімділігі 48 пайызға дейін жоғары. Кезінде ата-бабаларымыз шаруашылықта қамысты кенінен қолданған. Малға азық ету, ши тоқудан бөлек, қамыстан тіпті, үйді де тұрғызыған. Шетелдерде қамыстың сабағынан қантты да өндіріп жатыр.

Жас ғалым Жәнель Шайдолла мен ұстазы Нұргүл Имамұратова бұл жобаны әрі қарай дамытуға ниетті екендерін айтып отыр.

Айналып келгенде, қамыс та, өртеніп жатқан аумақ та өзіміздікі. Көк түтіннен зардап шегіп жатқан да біз. Сондықтан қамыс өрті болдырмау шараларымен бірге, қамысты кәдеге асырудың амалдарын да қолға алғанымыз болашақ үшін игі шешім болатындай.

**Баян ЖАНҰЗАҚОВА**

# БАЛАЛАР ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ БЫЛЫҚ

**Қарағанды қаласында бірнеше баланың ұлануы, біреуінің қайтыс болғаны қоғамда қызу талқылануда. Бұл оқиға 30-31 шілдеде болды.**

Облыстық балаларға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығында 30 шілдеде екі бала өзін нашар сезініп, құсқан, іші өткен. 31 шілдеде осы мекемедегі тағы 10 балада ұқсас белгілері бар дерт анықталып, ауруханаға жатқызылған.

Дәрігерлердің барлық күш-жігеріне қарамастан, бір баланы құтқару мүмкін болмады. Бүгінде алты бала реанимацияда. Қалғандары дәрігерлердің бақылауында. Ауруханаға облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев келді. Ол облыстық Денсаулық сақтау басқармасының басшылығымен және емдеуші дәрігерлермен жедел кеңес өткізді. Қымыстық іс қозғалды және Қарағанды облысының арнайы прокурорлар басқармасына берілді. Алты қәмелетке толмаған бала әлі де жансақтау бөліміне түсті.

«1 тамызда қабылданған екі науқастың бірінің жағдайы орташа, екіншісінікі қанағаттанарлық. Екеуі де бөлімшеде, жағдайы тұрақты», — деп хабарлады Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметі.

2 тамыз күні Қарағанды облыстық клиникалық ауруханасының инфекциялық бөлімшесінен арнайы қызмет көрсету орталығынан ұлану белгілерімен жатқызылған екі бала шығарылды. Олардың жағдайы айтарлықтай жақсарды, балалар медициналық-әлеуметтік мекеме дәрігерінің бақылауында болады.

Айта кету керек, балалар арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығында емханалардың медицина қызметкер-

лерінің кезекшілігі ұйымдастырылған. Орталық директорының міндетін атқарушы мен 12 қызметкер жұмыстан шеттетілді. Мекемеге басқа ұйымдардың мамандары жіберілді. Орталық тәрбиеленушілерінің ауруханаға түсіп, бір баланың қайтыс болуының себептері анықталуда.

Қайтыс болған баланың ата-анасына Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев көңіл айтты.

— Баланың көз жұмуына әкеп соққан қайғылы оқиғаға қабырғамыз қайысуда. Қазір барлық күш-жігеріміз ауруханада жатқан балалардың денсаулығын мүмкіндігінше тез қалпына келтіруге бағытталған. Дәрігерлер бұл үшін қолдан келгенін бәрін жасайды. Мен бұл төтенше жағдайдың із-түзсіз өтпейтініне сендіргім келеді: кінәлілер заңның барлық қатандығымен жазаланады. Тергеу органдары барлық қажетті шараларды жүргізеді. Ал отбасына барлық қажетті көмек көрсетіледі, — деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Денсаулық сақтау министрі Ажар Финият Қарағанды облысының әкімімен және ҚР ДСМ жетекші мамандар тобымен Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының тоғыз тәрбиеленуші баласы ұланып түскен облыстық клиникалық аурухананың Инфекциялық орталығына барды. Денсаулық сақтау министрі Ажар Финияттың айтуынша, қайтыс болған Әділ Омаров 13 жаста екен. Баланың өліміне жүрек және тыныс алу жеткіліксіздігі себеп болған.

— Балалар температураның жоғарылауына, құсуға және іштің ауырсынуына шағымданғандықтан, «тамақтан ұлану» диагнозы қойылды. Бірақ алдын ала сынақтар ішек инфекциясы жоқ деген нәтиже берді. Аурудың себебін біз әлі тапқан жоқпыз. Бүгінгі таңда алты бала реанимация бөлімінде, олардың

екеуінің жағдайы өте ауыр. Қалғандарында емделу аясында жақсару байқалады, олардың жағдайы қанағаттанарлық, — деп түсіндірді Ажар Финият.

Оның айтуынша, әлі нақты диагноз жоқ, барлық зертханалық зерттеулер әлі де жүргізіліп жатыр.

Министр елордадан 10 жетекші маман келгенін атап өтті: штаттан тыс бас балалар инфекциясисі Динагүл Баешева, штаттан тыс бас балалар анестезиолог-реаниматологы Нұрилла Малтабарова, үш дәрігер-токсиколог және тағы басқалары. Олар қарағандылық мамандармен, соның ішінде психиатрлар мен балалар невропатологтарымен бірге жұмыс істеуде. 20-ға жуық маман кон-

силиум өткізеді, балаларды тексереді және емдеуді қадағалайды.

Министр жағдайы ауыр төрт пациент жатқан қарқынды реанимация бөлімшесінде болды. Олардың барлығы өкпені жасанды желдету (ӨЖЖ) аппаратына қосылған. Осы клиникада 10-15 жас аралығындағы тағы бес бала нейробоксирленген бөлімшеге жатқызылды, олардың жағдайы орташа ауырлық дәрежесінде деп бағаланып отыр.

Одан әрі ведомство басшысы реанимация бөлімшесінде медициналық-әлеуметтік мекемеден түскен тағы екі науқас жатқан қалалық балалар ауруханасына барды.

Мамандардың айтуынша, анықталған санитариялық-гигиеналық бұзушылықтар балалардың жекелеген тобының жіті ішек инфекцияларын (ЖИИ) тудыруы мүмкін емес. Пациенттердегі клиникалық белгілер тамақтан ұлануға тән емес, мұнда қайта-қайта құсу, іштің жиі өтуі, кейде қан аралас іштің өтуі, сусыздану байқалады.

Бүгінгі таңда тергеу жүргізу үшін арнайы комиссия құрылды, оның нәтижелері бойынша болған оқиғаның себебі жайлы ресми ақпарат беріледі.

**Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,  
Қарағанды облысы**



# АТЫРАУДЫҢ АУЫЛДАРЫ АБАТТАНЫП ЖАТЫР



**Атырау облысында «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында биыл 25 ауыл жаңғыртылады. Бұл мақсатқа 9,8 миллиард теңге бөлінген.**

Атырау облыстық Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшысының орынбасары Рафик Абуов мәліметінше, облыс бойынша жалпы 153 ауыл бар. Онда 300 мыңнан астам тұрғын тұрып жатыр.

Ауылдық елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін есептеудің жаңа әдістемесі мен моделіне сәйкес, облыста 40 тірек, 38 спутниктік, 15 стратегиялық елді мекен бар. Жалпы, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасына Атырау облысы бойынша даму әлеуеті бар 93 ауыл іріктеліп алынған.

– «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы басталғалы бері соңғы 4 жылда 40 ауыл жаңғыртылды. Мәселен, 2019–2022 жылдары 24 млрд теңгеге 41 жоба іске асырылды. Бұл тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы 15 нысанды, 20 әлеуметтік инфрақұрылым нысанын (білім беру, денсаулық сақтау, спорт) және 6 кәсіптік инфрақұрылым нысанын (ауылшылық жолдар) салуға, реконструкциялауға және жөндеуге мүмкіндік берді. Жаңа кейіпке енген әлеуметтік нысандардың қатарында Қызылқоға ауданының орталығы – Миялы ауылындағы күрделі жөндеуден өткен спорт кешені де бар, – деді Рафик Абуов.

Ерекше атап өтерлігі, аталмыш бағдарлама аясында ауылдық елді мекендерде 768 жұмыс орны құрылған.

Қызылқоға ауданына қарасты Мұқыр ауылы – «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасына енген ауылдардың бірі. Қазір бағдарлама аясында бұл ауылда орталық саябаққа күрделі жөндеу жұмыстары жасалып жатыр.

Мұқыр ауылындағы орталық саябақтың салынғанына 40 жылдан асқан. Осыны жолы ішінде талай тарихи сәтке куә болған орталық саябақ соңғы жылдары күтсіз қалған еді. Ауылдағы жалғыз демалыс орнының тозып кеткені жастарға қиын соққан болатын. Биыл мемлекеттік бағдарлама негізінде саябақты жаңғыртуға 100 млн теңге қаражат бөлініп отыр. Бүгінде саябақ күрделі жөндеуден өтуде. Тамыз айының ортасында саябақ жергілікті тұрғындар игілігіне қайта тапсырылуы тиіс.

Мердігер мекеменің жетекшісі Нұрболат Бекжановтың айтуынша, саябақта тұрғындарға арналған орындықтар, балалар алаңы, жалпы аумағы 2400 шаршы метр «брусчатка» болады. Ортасы қиыршық таспен көмкеріледі. Ағаштар да егіліп жатыр.

Мұқыр – 6 елді мекенді біріктіріп отырған ауылдық округ. Округке қарасты ауылдарды бүгінде 5 мыңға жуық тұрғын мекендеп отыр. Мұқырға қарасты елді мекендердің барлығы қазіргі күні таза ауызсумен, табиғи газбен қамтылған. Мұқыр ауылдық округінің әкімі Азамат Жаксиевтің айтуынша, Мұқырда 160 орындық балабақша салынады. Бүгінде Кенбай ауылында ауылшылық жол құрылысы жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар Мұқырда 10 шақырым ауылшылық жол салынады.

Тағы бір атап өтерлігі, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасына ауылдық елді мекендерден бөлек, Мақат, Индер кенттері де еніп отыр. М селен, Мақат ауданында былтыр 2 млрд 36 млн теңгенің 6 жобасы қолға алынған

пункт салу жоспарланып отыр. Айта кетерлігі, медициналық нысанның екеуі жаңадан салынатын болса, қалғаны тозығы жеткен, ескі медициналық нысандардың орнына салынады.

Еске сала кетсек, ауылды көркейту мақсатына соңғы үш жылда республикалық қазынадан 326 млрд теңге бөлінді. Мыңнан аса елді мекенде 3 700-ге жуық әлеуметтік және инженерлік жоба іске асырылды. Бағдарлама аясында республика бойынша ауылдық елді мекендерде 33 мың жұмыс орны құрылды.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасының мақсатына сәйкес, ауылдық жерлерді дамытудың кешенді тәсілі 2025 жылға қарай ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын және әл-ауқатын жақсартуға мүмкіндік береді. Ауыл халқы 100 пайыз таза ауызсумен қамтылып, жергілікті маңызға ие жолдардың 95 пайызы жақсы жағдайға көтеріледі деп жоспарлануда. Ауылдық жерлерде 24 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі.



болса, оның ішінде 4 жобаның құрылысы аяқталды. Биыл «Доссор кентінде 4 ойын алаңының құрылысы қолға алынады. Оған 288 млн теңге бөлініп отыр. Ал аудан орталығы – Мақат кентінде стадионның құрылысы жоспарлануда.

Ауылдық елді мекендерді дамытуға арналған бағдарлама аясында Атырау облысы бойынша, 18 ауылдық елді мекенде медициналық ұйым нысандарын, соның ішінде 11 медициналық пункт, 1 дәрігерлік амбулатория, 6 фельдшерлік-акушерлік

Сонымен қатар 110 мың жеручаскелері жеке тұрғын құрылысы үшін қажетті инфрақұрылыммен қамтылатын болады. Агроөнеркәсіп саласында 845 инвестициялық жоба іске асырылып, ауылдарда 500 мың жаңа жұмыс орны құрылады деп күтілуде.

Болашақ үшін басты инвестиция болып табылатын білім саласында 5 мың мектеп жаңғыртылады, 315 жаңа мектеп салынады деп жоспарлануда.

Баян ЖАНУЗАҚОВА



# КЕРБҰЛАҚТА КОМБИНАТ САЛЫНАДЫ

**Тауының қойнауы қазба байлыққа толы Кербулақ ауданы аумағында орналасқан Көксай мыс кеніші игеруге қатысты үлкен бір бетбұрыс басталды. Аса бағалы әрі сирек кездесетін мыстың мол қоры анықталғалы біраз жыл болған еді. Игеру әне басталады, міне басталады деген әңгіменің айтылғанына да талай рет куә болғанбыз. Ақыры, жұрт құлағын елеңдеткен инвестициялық жобаны жүзеге асыруға нақты қадам жасалды. Қазір бірлескен тау-құрылыс компаниясы Көксай тау-кен байыту комбинатының құрылысы бойынша жұмыстарға кірісті. Болашақта жүздеген жаңды жұмыспен қамтып, қазынаға қомақты қаржы түсіруге тиісті алып комбинатты 2026 жылы іске қосу жоспарланған.**

Еліміздегі ең ірі инвестициялық жобалардың бірі болып саналатын тау-кен байыту комбинаты жобасының жалпы құны – 976 млрд теңге. Жобаны орындау кезеңінде республикалық және жергілікті бюджетке 1,7 трлн теңге салықтық төлемдер түседі деп есептелген. Кен орнының ауқымы мен жобаланып отырған өндіріс көлемі Кербулақ ауданының қоса алғанда, бүкіл Жетісу облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына оң ықпал етеді. Кәсіпорын 1 300 адамды жұмыспен қамтып, жылына 50 млн тонна кенді қайта өңдеуден өткізеді. Компания жергілікті жерде қолайлы орта қалыптастырып, халықтың тұрмысын жақсарту мақсатында тұрғындармен емен-жарқын жүздесулер мен ашық талқылаулар ұйымдастырмақ. Барлық мәселені кеңесе отырып реттемек. Әлеуметтік саланы дамытуға қаражат қарастыру, қоршаған ортаны жақсарту бойынша жобаларды жүзеге асыру, қайырымдылық акцияларын, білім және мәдени жобаларды қолдау жоспарланған. Сонымен бірге инфрақұрылымдық нысандарды жаңарту мен жаңғыртуға баса назар аударылады. Комбинатқа жұмысқа қабылдауда бірінші кезекте компания талаптарына сәйкес келетін және тиісті біліктілігі бар жергілікті мамандарға артықшылықтар беріледі. Кәсіпорын жұмысшыларын оқыту және жергілікті тұрғындар арасынан мамандар дайындау бойынша корпоративтік бағдарламалар қолданысқа алынып, жүзеге асырылады. Компания кадр тапшылығы проблемаларын шешу үшін еліміздегі облыстарда және Алматы, Талдықорған қалаларында орналасқан жоғары және орта білім орындарымен белсенді қарым-қатынас орнатпақ.

Бытырдан бері кенішті игеруге дайындық жұмыстары жүргізіп жатыр. Кеніштігі кеннің жалпы қорын нақтылау мақсатында өткен жылдан бастап геологиялық барлау және геодезиялық зерделеу жұмыстары атқарылуда. Бүгінде инфрақұрылымдық нысандарды жаңарту және жаңғырту және құрылыс-құрастыру бойынша жұмыстар қолға алынған. Бытырғы желтоқсанда Сарыөзек ауылында орналасқан теміржол тұйығы сатып алыныпты.

Болат АБАҒАН,  
Жетісу облысы

# ДӘУЛЕТТІ ӨНІРГЕ – СӘУЛЕТТІ НЫСАНДАР

**Жартығасырлық үзілістен соң Жезқазған – Ұлытау өңіріне облыс статусы қайта оралғалы екінші жылға аяқ басты. Жаңа облыс дүние есігін енді ғана ашқан сәби іспетті. Елдің берінің үміті соның үстінде. «Осы тезірек өссе екен, аяғынан нық тұрып кетсе екен, үлкен азаматқа айналса екен» деп баланың тілеуін тілейтіні сияқты Жезқазған – Ұлытау аймағының халқы да облыстың жылдан дамып, жаңарып, жасарып кеткенін қалайтыны жасырын емес.**

Бұл орайда облыс басшылығы қысқа мерзімде жасаған Ұлытау облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2022–2026 жылдарға арналған кешенді жоспары Президент тарапынан қолдау тауып, Үкімет бекітті. Осы жоспардың бір саласы облыстағы әлеуметтік нысандар салуға, тұрғын үй құрылысын дамытуға бағытталған. Қандай жоспарлар бар, нендей жұмыстар атқарылады? Ұлытау облысының құрылысы, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Женіс Әлімжанның айтуынша, ең бастысы, жуық арада облыс орталығының Бас жоспарына түбегейлі өзгеріс енгізілмек. Бұл өрине, түсінікті. Өйткені Жезқазған облыс орталығына

лайықты қалаға айналуы керек.

– Тамыздың соңына таман Бас жоспар түпкілікті бекітіледі деп күтілуде. Құрылыс содан соң қарқын ала бастайтыны айтпаса да түсінікті. Кешенді жоспарға сәйкес 47 жаңа нысан бой көтереді. Әрине, бәрі бірден бола қалмайтыны да белгілі. Кейбір нысандардың құрылысы басталып та кетті. Мысалы, Жезқазған қаласында Абай атындағы мамандандырылған дарынды балалар мектебі үшін құны 1,47 млрд теңгені құрайтын 200 орындық жатақхана салынады. Бас мердігер – «Қаршыға-97» ЖШС қазір жұмысты бастады, келесі жылы жатақхана пайдалануға беріледі, – дейді Ж.Әлімжан.

Оның айтуынша, халықты баспанмен қамтамасыз етуге де баса көңіл бөлінбек. Бұл ретте Кенгір көппәтерлі тұрғын үй кешенінің құрылысына көп үміт артылуда. 11 үйден тұратын тұрғын үй кешенінің екеуінің құрылысы қазіргі өзінде қызу қарқынмен жүріп жатыр. Қалған 9 үйдің ЖСК сараптамасына оң қорытынды берілсе, Қаржы министрлігі мен Индустрия және инфрақұрылымды дамыту министрлігі бірлесіп қаражат бөлу мәселесі пысықталатын болады.

Бұдан басқа, Ұлытау облысы бойынша жалпы ауданы 27,4 мың шаршы



метрді құрайтын 430 пәтерлік 9 көп-қабаты тұрғын үй республикалық бюджет есебінен салынатын болады. Бір атап айтарлығы, бұл үйлер тек облыс орталығында ғана емес, Сәтбаев қаласы мен Жаңаарқа ауданында да салынатын болады. Нақты айтқанда, Жезқазған

қаласында – 3, Сәтбаев қаласында – 2, Жаңаарқа ауданында 4 жаңа үй бой көтереді. Сонымен қатар «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС және «Самға» ЖШС жеке инвестиция арқылы тұрғын үйлер салуға ниет танытып отыр.

Облыс құрылғанға дейін басталған тұрғын үйлер құрылысы да жалғасын тауып жатыр. Айталық, бытыр республикалық бюджет қаражаты есебінен басталған жалпы ауданы 11,7 мың шаршы метрді құрайтын көпқабатты 3 үйдің құрылысы мен 1 жалға берілетін үйді қайта жаңарту жұмыстары жалғасуда. Жеке құрылыс компаниялары бастаған тұрғын үйлердің құрылысы да қарқынды жүріп жатыр. Олар барлығы 144 пәтерлік 6 тұрғын үйді пайдалануға бермек.

Осы жылдың соңында облыс бойынша 16 көпқабатты үй халық игілігіне беріледі.

– Тұрғын үй құрылысы келесі жылы да жалғасын табады. Республикалық бюджеттен 2024 жылы 300 пәтерлік 5 тұрғын үйдің құрылысын бастау жоспарда тұр. Бұл 5 үйдің екеуі Жезқазғанда, 3-үй Сәтбаевта салынбақ. Бұдан тыс жеке компаниялардың коммерциялық негіздегі үш тұрғын үй құрылысы да қоса жүргізіледі деп күтілуде, – дейді басқарма басшысы Ж.Әлімжан.

Дәулетті өңірде сәулетті нысандар бой көтеріп жатса, қандай ғанибет! Сайып келгенде, бұл халықтың тұрмысын, әл-қуатын арттыра түседі.

Майлыбай КЕТЕ,  
Ұлытау облысы

**Қазақ баласын жылқысыз елестету мүмкін емес. Ықылым заманнан қыл құйрықты Қамбар ата түлігін асыл қазына санаған Алаштың батыр ұлдарымен қатар Сақ патшайымы Тұмар ханымнан бастап Қабанбай батырдың жары Гаухар, Бопай, Назым батырлардың ат үстінде кірпік қақпай ел мен жерді қорғағанына тарих куә. Олардың ізбасарлары бүгінде де бар. Солардың бірі – Дубайда жүріп Қазақстан атынан халықаралық додаларда тұлпарымен топ жарып жүрген Гүлім Аяғанова.**



# Дубайдағы

## ШАБАНДОЗ

### ҚАЗАК

#### Қызы

Гүлім Қанатқызы 1992 жылдың 25 ақпанында Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданына қарасты шалғайда жатқан ат төбеліндей ғана Қаракамыс ауылында дүниеге келген. Бала кезінен жылқының құлағында ойнап өскен бұрымдылардың бірі. Тақымы тастай болып тайға мініп, ер балалармен қатар жүріп көкпар тартқан Гүлім қазір көптің арманы болған, биік ғимараттары көк тіреген Дубайда тұрады. Шетте жүрсе де елін жүрегінен бір сәтке де шығармаған қаршадай қыз қазір қазақтың намысын қорғап, халықаралық жарыстарда топ жарып жүргенін біреу білсе, біреу білмейді.

Гүлім ат үстінде қашықтыққа шабатын спортшы әрі Дубай қаласында әйгілі ALJIYAD ат қорасында атқа мінуді үйрететін кәсіби жаттықтырушы болып жұмыс істейді. Күні бүгінге дейін Біріккен Араб Әмірліктерінің ұлттық жарыстарында 100-ден астам жарысқа қатысып, 3 жұлдызды шабандоз атанған. Ат спортынан Қазақстанның халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 3 мәрте тентпегингтен халықаралық старттарда, 10 мәрте халықаралық ат жарыстарына қатысып жүлделі орындарға ие болған.

мен қылыш, басқа да спорттық қару-жарақтар қолданылатын ат спортының түрі. Аталған жарыста Гүлім жеке лей сында топ жарып, алтын медаль иеленді. Сонымен қатар қосарлап шабу сайысында Гүлім Аяғанова мен Наталья Долгих күмістен алқа тақты.

Гүлім елде жоғары оқу орнын бітірген соң көңілі қалаған жұмыс таппай, өз қалауымен осыдан сегіз жыл бұрын Дубай асқан. Бала кезінен жылқы малына үйірсек болып атқа мінуді кәдеге жарап оның болашақ тағдырының бір-ақ сәтте өрге басыуына басты себепкер болыпты.

— Бір күні Дубайда жүріп жақын араласқан достарымның бірінен мұндағы ат қоралар жайлы естіп, қатты қызықтым. Содан салып ұрып сол ат қораға барып, бір атты сұрап алып қарғып мініп, шауып көрдім. Менің атқа мінгіп жүргенімді көзі шалып қалған сол жердің иесі, қазіргі бастығым — Али Аль Марзуки бірден өзінде жұмыс істеуге ұсыныс жасады. Келісімді беріп іске кірістім. Қазір осы жерде содан бері жұмыс істеп келемін. Бар-

білген болғаны. Күнделікті жұмысы жылқымен байланысты болған Гүлім әр жылқының мінезін бастап, қыр-сырын бес саусағындай біледі.

— Жұмыс таңазанда басталады. Танертен аттарды тамақтандырып, жуып-таза-лап, алаңға жаттықтыруға шығарамыз. Жарысқа әзірлеу үшін аяқтарын қалпына келтіріп, түрлі дәрумен береміз. Аттарды ветеринар дәрігерлер үнемі қадағалап отырады. Ат күтімі ең басты орынға қойылған. Бір атап өтерлігі, мұндағы жылқылар біз-

болған жоқ. Тіпті, Дубайда жарысқа еліміздің атынан қатысу үшін жыл сайын Қазақстанның ат спорты федерациясына 100 мың теңге сомасында жарна төлеп келемін. Тек сонда ғана Қазақстанның Туымен жарысқа қатыса аламын. Осыған дейін өткен барлық халықаралық жарысқа өз қаржыммен қатысып келемін. Ат спортын дамытпаса да, елдің намысы үшін халықаралық додаларда жарысқа қатысып тер төккенім үшін қолдау таңытса риза болатын едік қой, — дейді Гүлім Аяғанова.

Сонау Дубай қаласында жүрсе де Гүлім өзінің туған елін, аядай ғана Қаракамыс ауылын айтсап, жыл сайын сағынып келетінін айтады. Шетте жүріп елінің Туын көтерген Гүлімге бастығы Али Аль Марзуки де дән риза болып, елге арнайы бірнеше мәрте қонақ та болып қайтқан екен.

— Бастығым Али Аль Марзуки — өте кеңпейіл, жаны жайсаң адам. Әкеммен аса қатты дос болып алған. Ата-анамды ылғи қонаққа шақырып, өздері біздің елге барып тұрады. Жыл сайын Айт мейрамы кезінде міндетті түрде туған ауылымның жағдайы төмен отбасыларына қаржылай көмек беріп көрсетіп тұрады. Өзім де қолдан келгенше көмегімді беруге тырысамын, — дейді Гүлім.

Шекара асып, шетте жүрсе де елін ойлаған, қарапайымдылық пен қайырымдылықты бойына жиған қазақтың Гүлімі әлі талай жарыста Қазақстан Туын асқақтата көтеретініне сенім мол. Бұл орайда бағзы заманнан жылқы мінезді халық атанған біздің елде ат спортына еш көңіл бөлінбей жатқаны көңілге мұң ұялатады. Тиісті құзырлы министрліктер мен Ат спорты федерациясы, сондай-ақ Ауыл шаруашылығы басқармалары мен облыс әкімдіктері арнайы жоба жасап, істің тетігін біле-



Гүлім ат үстінде қашықтыққа шабатын спортшы әрі Дубай қаласында әйгілі ALJIYAD ат қорасында атқа мінуді үйрететін кәсіби жаттықтырушы болып жұмыс істейді. Күні бүгінге дейін Біріккен Араб Әмірліктерінің ұлттық жарыстарында 100-ден астам жарысқа қатысып, 3 жұлдызды шабандоз атанған.



Жуырда Мәскеуде Қазақстан, Ресей, Беларусь, Қатар, Үндістан, Сирия, Кувейт және Иран сияқты 8 елдің шабандоздары бас қосқан халықаралық тентпегинг жарысы өткен болатын. Құрамына Оман, Йемен, Мысыр, Ирак, Судан, Иордания, БАӘ және Ресейдің сарапшылары кірген халықаралық жарыста қазақ елінің намысын Наталья Долгих пен Гүлім Аяғанова қорғады.

Оқырманға түсінікті болуы үшін айта кетсек, «тентпегинг» — бұл шабандоздан аса нақтылық пен батылдықты талап ететін спорттық найза

лық кадрлық тандау да менің қолыма көшті, — дейді Гүлім Аяғанова.

Гүлім жұмыс істейтін атқорада араб, ағылшын-араб, испан тұқымды 200-ден астам ат бар. Түрлі жарыста олжа салып, біліктілігімен көзге түскен Гүлімнің өзінің жеке басында ғана төрт тұлпары бар екен. Ешқайсысын сатып алмаған. Бәрі түрлі жарыста сыйға берілгені. Айтуынша, мұнда кадрлардың қызметіне аса жоғары мән беріледі. Мамандар үшін арнайы жеке үй салынған. Жұмысшылардың қызметі үшін барлық жағдай жасалады. Тек жұмысында

дін елдің жылқыларына қарағанда нәзіктеу келеді. Дегенмен жылқы малына жасалған жақсы күтім мен күнделікті аса мән беріп қараудың арқасында жылқылары аса мықты. Жалпы, мұнда ат спорты аса қатты дамыған. Дубайда арнайы ат жарыстарына қатыстырылатын жылқыларды баптайтын атқора да өте көп. Жарыстарда жиырмаға дейін жүлделі орындар белгіленеді. Жалпы жұлде қоры кемінде 40 миллион теңге көлемінде болады. Жарысқа 200-300 аттан қатысады, — дейді Гүлім Қанатқызы.

Спортшы қыз елдегі ат спортына мүлде мән берілмей кенжелеп қалғанына қынжылыс білдірді. Айтуынша, елде шетелдерде аса жоғары бағаланатын ат жарысы, тентпегинг сияқты спорт түрлеріне мүлде жағдай жасалмаған. Тіпті, аталған спортқа дайындайтын арнайы орындар жоқ.

— Елде ат спортына қолдау мүлде жоқ десе де болады. Халықаралық жарыстар мүлдем өтпейді. Аттар шабатын халықаралық талаптарға сай арнайы жарыс орындары, тентпегинг, ат жарыс сияқты жарыстарды өткізу орындары жоқ. Бұл жылқыны алғаш қолға үйреткен еліміз үшін үлкен сын дегім келеді. Өз елімізде осындай жағдай жасалса, өзге елге барып нем бар еді, — дейді Гүлім.

Спортшы қыз сондай-ақ ат спортының намысын қорғағанымен, ешқандай қолдаудың болмағанына налиынын ашына жеткізді. Тіпті, Қазақстанның атынан жарысқа қатысу үшін ғана қомақты сомада жарна төлейтін болып шықты.

— Қазақстан ат спорты федерациясы тарапынан, жалпы спорт министрлігі тарапынан ешқандай көмек қолдау

тін Гүлім сияқты мамандарды елге алдырып, арнайы қаржы бөліп, халықаралық талапқа сай жағдай жасаса, қазақтың да бұл спорттан бағы жанар ма еді? Бір жағынан шетелден қазынаға қаржы күйылсе, екіншіден бабалардан мұра болып қалған ұлттық спортымыз жанданып, әлем көкпар, аударыспақ сияқты ұлттық спортымызды насихаттауға да мүмкіндік болар ма еді? «Арқа жайлы болса, арқар ауып несі бар» демекші, Гүлім сияқты талантты қыздарымыздың өзге елге кетуіне де осындай немқұрайдылық себеп болмады дей алмаймыз. Сондықтан оркениет көшіне өзге елден қалыс қалмас үшін күмбір-күмбір кісінеткен жылқымызды қолға алып, дүбірі төртқұл әлемді таңғалдыратын тұлпарларды додаға салуға күш салатын кез жеткен сияқты.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,  
Ақмола облысы

**NUR MEDIA**  
МЕДИАОХОДИНГІ

**AIQYN**  
апта

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —  
**Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ**

Бас редактор —  
**Амангелді ҚҰРМЕТ**

Гүлзина БЕКТАС —  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —  
Шығарушы редактор

Асқар БЕК —  
Сайттың бас редакторы

Елдар ҚАБА —  
Секретариат меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —  
Ақмола облысы

Саятхан САТБАҒАН —  
Жамбыл облысы

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —  
Қарағанды облысы

Назгүл НАЗАРБЕК —  
Шымкент қаласы

Роза ШӘКЕН —  
Солтүстік Қазақстан облысы

Ербақыт ЖАЛАҒАСБАЙ —  
Қызылорда облысы

Баян ЖАНҰЗАК —  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІң  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін — 15102

Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін — 55102

Жеке жазылушылар үшін — 65102

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aiqyn@gmail.com

**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**  
8(771) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

**Тансырыс №4328**  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77

Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркелген алымы, мерзімі белгісіз баспамен қайта өңделген көп туралы №17416-Г күзәлігі 25.12.2018 жылы берілді  
(Алғашқы өңделген көп туралы №4448-Г — 01.12.2003ж.)

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**  
010000, Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1  
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46  
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aiqyn\_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап беймәді.  
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.  
• Көлемі үш компьютерлік беттен астамын материалдар қабылданады.  
• «Айқын» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңден басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редакторлар —  
Нұрлан ОРАЗҒАЛИЕВ,  
Айхан ШӘРІП

Газет аптасына 3 рет шығады